В методике и схемах составления оперативного графика полива на землях крупных хозяйств (до 1991-1995г) за основу принимается подход, основанный на распределение воды с-х культурам по суткам, без уточнения начало и завершения полива (дата, час и мин). **Значение оперативного графика водоподачи на каждые 5-15суток в условиях крестьянских хозяйств резко возрастает.** Следовательно, для условий землепользования небольших хозяйств, имеющих по 3-25га земель, **существующую методику оперативного графика водоподачи следует адаптировать** путем определение показателей для каждой сутки полива, на предстоящие 5-15 суток (площади суточного полива, продолжительность полива подвешенной площади, **даты и часы начала и завершение поливов (это важно!)**). Крестьянские хозяйства на своих 3-20га участках возделывают 1-3 вида с-х культур, на небольших площадях (по 0.5-10га). В этой связи для расчетов табл. 3 и 4 целесообразно использовать средневзвешенных поливных норм.

Ниже приводятся пример составления календарного водопользования для земель (из 385га, из поливы заявлены на 360га) подвешенных к одному участковому каналу-УР К-99-1 (табл. 2) с 24 ед ТВВ и основные показатели режима функционирования УР (табл.3) для составления оперативного графика водоподачи на ближайшие 5-15суток.

При разработке оперативного графика водоподачи на каждые ближайшие 5...15 суток следует учитывать следующие условия:

1)Водоподача на фермерские участки осуществляется **круглосуточно**, с соблюдением очередности работы ТВВ согласно графику, т.к. проектные параметры каналов установлены для круглосуточной водоподачи (это мировая практика).

2)Распределение поливной воды из УР начинается с группы одновременно

работающих ТВВ, расположенных в хвостовом отрезке УР (см.табл.4).

3) Устанавливается число одновременно работающих ТВВ (с учетом условий п.2), на основе ожидаемой, на ближайшие 5-15 суток, расхода УР, расчетного тока воды подаваемого из ТВВ во временный ороситель (ВО) или поливную технику хозяйства.

4) Расход воды из ТВВ в ВО ($Q_{ТВВ}$) выбирается на основе календарного плана, с учетом: уклона поле, почвенно-гидрогеологических условий, поливной нормы, принятого расхода УР, площади земель подвешенных к ТВВ, технологии полива, площади суточного полива, числа, мастерства и производительности поливальщиков. Пример: $Q_{ТВВ}$ для земель с уклоном: менее 0,003 в пределах 50-80 л/с, 0,003-0,005 – 40-70 л/с, более 0,005- 30-50 л/с (на землях с маломощными почвами – 20-40 л/с). Для конкретных условий следует уточнить их на основе рекомендации КазНИИВХ [6]

5) Максимальный расход воды в УР не должен превышать максимального проектного расхода- $Q_{пр}$ (а, в первый год эксплуатации после реконструкции 85-90% $Q_{пр}$, а минимальные расходы воды в каналах не могут быть ниже 40% $Q_{пр}$).

Для примера составления оперативного графика был принят период с 16 июня по 29 июля. По нормативу полив с одного ВО - не более 2-х суток, а в нашем случае составил 3 и 2,7 суток. Необходимо улучшать технологии полива. На основе рекомендации КазНИИВХ [6] полив полив трубопроводами, средствами малой механизации (трубочки, щитки, сифоны и др.) обеспечить: а) снижение поливной нормы-брутто (поле) на 10-20% (без ущерба норме-нетто); б) увеличению поливного тока из ТВВ УР в ВО, также на 10-20%. При «дискретной» технологии полива по бороздам указанные показатели улучшаются еще на 10-15%. В таблице 4 дается пример оперативного графика водоподачи из УР в ВО, на основе данных табл. 2 и 3, с учетом особенности, земле- и водопользования на участках (3-20га) крестьянских хозяйств.

Табл. 2. *Календарный план водопользования на орошаемых землях -УР: К-99-1 (пример)

(УГВ более 2,5м; площадь орошаемых земель УР-385га, в т.ч. поливаемые -360га, пропускная способность УР-390л/с)

с-х культуры	га	Наименование показателей	апрель		май			июнь			июль			август			сентябрь	
			2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	
Люцерна	72	полив период, сут	4			4			5			5			5			5
		полив, га	72			72			72			72			72			72
		*мбрп, м3/га	875			875			1000			1125			1125			1125
		*Wбрп, тыс. м3	63			63			72			81			81			81
Хлопчатник	252	полив период, сут						5	10	5	10	10	5	10	5			
		полив, га						84	168	84	168	168	84	168	84			
		*мбрп, м3/га						938	938	1000	1000	1000	1000	1125	1125			
		*Wбрп, тыс. м3						79	158	84	168	168	84	189	95			
Кукуруза	36	полив период, сут				4		5		5	3	2	0					
		полив, га				36		36		36	21,6	14,4	0					
		*мбрп, м3/га				875		1000		1125	1125	1125	0					
		*Wбрп, тыс. м3				31,5		36		40,5	24,3	16,2	0					

суточный площадь полива, га	18			14		13	17	13	15	15	17	17	16		14
поливаемая площадь, га	72			108		192	168	192	261,6	254,4	84	168	156		72
то же с нараст. итогом, га (га-полив)	72	72	72	180	180	372	540	732	994	1248	1332	1500	1656	1656	1728
Кратность (ср.взвеш. по участку число) полива, раз	0,2	0,2	0,2	0,5	0,5	1,0	1,5	2,0	2,8	3,5	3,7	4,2	4,6	4,6	4,8
поливная норма-брутто поле, м3/га	875			875		973	938	1070	1045	1042	1000	1125	1125		1125
водопотребление-брутто поле, тыс.м3	63			95		187	158	206	273	265	84	189	176		81
то же с нараст. итогом, тыс.м3	63	63	63	158	158	344	502	707	981	1246	1330	1519	1694	1694	1775
КПДур	0,9			0,9		0,9	0,92	0,93	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95
водопотребление-брутто в голове УР, тыс.м3	70			105		208	171	221	288	279	88	199	185	0	85
то же с нараст. итогом, тыс.м3	70	70	70	175	175	383	554	775	1062	1342	1430	1629	1814	1814	1899

*календарный план водопользования – составлен на основе данных ведомости укомплектованного графика гидромодуля;

*мбрп, м3/га – поливная норма – брутто поле (норма нетто/КПДур), *
 Wбрп, тыс.м3- водопотребление брутто-поле.

Табл.3. Данные характеризующие режима функционирования участкового распределителя (УР), необходимые для составления оперативного графика поливов, который составляется на ближайшие 5-15 дней

Наименование показателей	июль														
	Даты (сутки) месяца														
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Расход брутто УР, л/с	402	402	402	402	402	205	205	205	205	205	205	205	205	205	205
КПД ур	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95	0,95
Расход нетто УР, л/с	382	382	382	382	382	194	194	194	194	194	194	194	194	194	194
Расход воды из *ТВВ в ВО, л/с	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70	60-70
Число одновременно работающих ТВВ	6,0	6,0	6,0	6,0	6,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0	3,0
Площадь подвешенная к одному ТВВ, га	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15
Поливная норма-брутто -поле, при:															
а) **слабой технологии полива, га	1058	1058	1058	1058	1058	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000	1000
б)***улучшенной технологии полива, га	891	891	891	891	891	842	842	842	842	842	842	842	842	842	842

Продолжительность полива земель с одного ВО, сутки															
а) слабой технологии полива, га	3	3	3	3	3	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7	2,7
б) улучшенной технологии полива, га	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2

*ТВВ – точка выдела воды из участкового распределителя (УР) в временные оросители (ВО) хозяйств (в ТВВ на УР вода передается хозяйству); **слабая технология полива- полив по бороздам без армирование оголовков поливных борозд («ручной» полив); ***улучшенная технология полива- полив по бороздам при помощи трубочек, сифонов и поливных щитков, поливных трубопроводов [6].

Табл.4. Оперативный график водоподачи из УР в оросители хозяйств для периода с 16 июня по 29 июля (пример)

№ ТВВ	факт. полив из 1-го ТВВ, га	*Число хозяйств	Расход воды из ТВВ, л/с	m,	поливной период		начало полива			завершение полива		
					сутки	час	дата	час	мин	дата	час	мин
1	15	3	64 x1	1000	2,7	65	27.07	9	0	29.07	2	
2	15	1	64 x1	1000	2,7	65	27.07	9	0	29.07	2	
3	15	1	64 x 1	1000	2,7	65	27.07	9	0	29.07	2	
6-4	*15(45)	3;3;2	64 x 6	1000	2,7	65	25.07	16	0	27.07	9	0
9-7	15 (45)	1;3;2	64 x6	1000	2,7	65	23.07	23	0	25.07	16	0
12-10	15(45)	3;3;3	64 x3	1000	2,7	65	21.07	6	0	23.07	23	0
18-13	15 (75)	1;1;1;1;1	64 x6	1058	3	72	19.07	6	0	21.07	6	0
19	15	1	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0
20	15	3	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0
21	15	2	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0
22	15	3	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0
23	15	3	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0
24	15	2	64	1058	3,0	72	16.07	6	0	19.07	6	0

Примечание: *число хозяйств- число хозяйств получающие воду из 1-го ТВВ на УР (поливают по очереди); *15(45) – 15га всего земли поливаемая с 1-го ТВВ, (45) –площадь полива из 3-х ТВВ.

Из таблицы 4 видно, что на поливаемых площадях, подвешенных к каждому ТВВ (всего ТВВ на УР -24ед) число хозяйств от 1 до 3. Например к ТВВ-24 подвешены земли 2-х хозяйств. Хозяйства по таким ТВВ должны представит внутренний график (очередность) полива. Например, из ТВВ -23 воду получают 3 хозяйства, а поливной ток всего 64л/с, следовательно, будет рационально, если фермеры будут поливать по очереди, соблюдая условий графика водоподачи (см. табл. 4.) В таблице 5 приводится пример внутреннего графика использования поливного тока из ТВВ-23 тремя хозяйствами.

Табл. 5. Внутренний график (очередность) использования поливного тока из ТВВ -23 хозяйствами для полива своих земель подвешенных к данному ТВВ.

ТВВ/ Хозяйства	Полив аемый участок, га	Очере дность получение воды	Полив, час	начало полива			завершение полива		
				дата	час	мин	дата	час	мин
ТВВ-23	15		72	16июл	6	0	19июл	6	0
В том числе по очередности									
А	3	1	14	16июл	6	0	16июл	20	0
Б	7	3	34	16июл	20	0	18июл	6	0
В	5	2	24	18июл	6	0	19июл	6	0
всего	15	х	72	16июл	6	0	19июл	6	0

При этом общую продолжительность полива (72час.) для площади 15га можно разделить между тремя хозяйствами, пропорционально площадям земельных участков или расчетным объемам водопотребления.

Рекомендуется внедрить в практику эксплуатации оросительных систем, следующих мер:

1) Составление и надлежащее осуществление календарного водопользования на предстоящий оросительный сезон (см. табл. 1) по каждому УР, подвешенной площадью 100-500га и числом хозяйств 5-100ед. Для этого следует (до февраля) принимать у хозяйств (или через кооперативы) заявки на поливную воду на предстоящий сезон (сведения ТВВ на УР, план о составе и площадях посева). При превышениях планируемого объема и режима водопотребления лимита водозабора и ожиданий маловодного года календарный план подлежит к корректировке.

2) На основе утвержденного календарного плана устанавливаются режимы функционирования УР (см. табл.3).

3) На основе календарного плана водопользования (табл.2), ежесуточного режима функционирования УР (табл. 3) и заявок хозяйств (на 5-15суток) составляются (желательно с участием представителей хозяйств или их кооперативов) для каждого УР **оперативные графики водоподачи из ТВВ** для круглосуточных поливов, на ближайшие 5-15 суток по обновленной методике и форме с указанием начало и конец (часы, минуты) водоподачи из по каждому ТВВ (табл. 4 и 5). За не менее 2 суток до начала поливов, разработанные **оперативные графики водоподачи из ТВВ УР** **рассылается всем хозяйствам**, чтобы они ознакомились, и: а) подготовили участки (нарезка и очистка оросителей, поливных борозд, армирование их) к приему поливной воды (поливу), б) провели инструктаж поливальщиков, в) обеспечили их средствами армирования оголовков поливных борозд и др.

4) Расходы-нетто группового канала 2 порядка (в отдельных системах 3 порядка) планируются как сумма расходов-брутто одновременно работающих УВ (каналы 3 порядка или 4 порядка). **Число одновременно работающих УР устанавливаются** на основе ожидаемой водности каналов старшего порядка (2 или 3 порядка), **соблюдая условия изложенных в ниже п.п. а)-в):**

а) поливы должны проводится круглосуточно, т.к. оросительные системы проектируются с условием круглосуточного водопользования;

б) максимальные расходы в каналах не должны превышать их проектные расходы- $Q_{пр}$ (в первый год после реконструкции 85-90% $Q_{пр}$), а минимальные должны быть не ниже 40% $Q_{пр}$;

в) При определений числа одновременно работающих ТВВ поливной ток устанавливаются в пределах 30-80л/с (см. п. 4) вышеприведенной табл. 4), с учетом уклона земель, поливной нормы, нормы суточного полива (га/сутки) и уровня технологии полива, опыта и мастерства поливальщиков.

Заключение. Плановое водопользование (табл. 2 и 3) реализуемое с

пунктуальным составлением и выполнением оперативного графика водоподачи (табл.2.4 и табл.2.5) на каждые предстоящие 5-15суток заметно повышает эффективности инвестиционных проектов и услуг по водоподаче, а также должен стать обязательным «мозговым» блоком алгоритма автоматизации водоподачи на оросительных системах.

Тұжырым

Мақалада календарлық су пайдалану жоспарымен су берудің оперативті кестесін жасау арқылы шаруақожалықтар жерлеріне суару жүйесінен суды кезек тәртібімен беру мәселесі қарастырылады.

Резюме

Рассматриваются методические вопросы календарного плана водопользования с оперативным графиком водоподачи, с учетом необходимости обеспечения культуры водоподачи землям крестьянских хозяйств с соблюдением очередности.

Summary

The methodological issues of a water use calendar plan with an operational water supply schedule are considered, taking into account the need to ensure the culture of water supply to the lands of farms in accordance with the stated sequence.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Алексеев В.И. ,Гершунов Э.В. *Справочник гидротехника.*-Алма-Ата.:Кайнар,1972.-240с.
2. Багров М.Н., Кружилин И.П. *Оросительные системы и их эксплуатация.* -М.: Колос, 1978.-С. 50-53.
- 3.Натальчук М.Ф., Ахмедов Х.А., Ольгаренко В.И. -*Эксплуатация гидромелиоративных систем.* -М.: Колос, 1983,-279с.
- 4.Шаров И.А. *Эксплуатация гидромелиоративных систем.*-М.:Колос,1968.- 420с.
- 5.Шаумян В.А. *Основы эксплуатации оросительных систем,-М, 1956.-457с.*
6. *Отраслевые нормативы удельных затрат воды при регулярном орошении* (С. Ибатуллин, Р. Кван, Н.Балгабаев, А. Калашников, А. Парамонов, Ф. Вышпольский, Ю. Кван, С. Калдарова, С. Передереева).-Тараз,2008.-75с.
- 7.Атишбаров Н.Б., Кененбаев Т.С. *Плановое водопользование-основа эффективного землепользования// Ж. Водное хозяйства Казахстана,10-11 2012,с 29-35.*

ЕСТЕН КЕТПЕЙТІН ЕСТІЛІКТЕР (жалғасы)

Атшабаров Н.Б., Алибеков К.Н.

Қазақстан су шаруашылығы қауымдастығы

Аңырақай шайқасы. Әлібеков Нұрдаулеттің ата-бабасының өсіп-өнген жері осы-Итішпестің Алакөлінің аймағы, бұл жер-Қараой деп аталады. Ол Отар станциясынан солтүстік батысында 70км жерде.Қазір сол көлдің солтүстігінде - Сорқұдық деген қыстау,шығысында-Доланқара төбешігі, сол жерден танкодром басталады.

Бұл көл Қопалы сай өзенінің басы болып есептеледі. Көлдің ені 1-2 шақырым, ұзындығы 5 шақырымдай болады. Бұл көлдің бұлай аталуы көктемде қар еріп тұзды суға толады, шілдеде құрғап кетіп, аппақ сор жатады. Суы өте тұзды болғандықтан мал, ит, қасқыр іше алмайды сөйтіп бұл көл Итішпестің Алакөлі деп аталып кеткен.

Аңырақай соғысы өткен жер туралы деректерді дәйектеп жинаған тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев екені белгілі. Оның «Ақтабан шұбырынды» деген еңбегінде былай жазылады: «Предание об анракайских победах сохранилось и у казахов Пишпекского и Алматинского уездов, но Анракай находится не там, где указывает А.Диваев, а в 120 верстах на юго-восток от южной оконечности озера Балхаш, известной у казахов под именем «Ит ишпес Алакуль».

22 қыркүйек 1995 жылы жазушы-журналист Б.Әбдідаев, тарихшы К.Байбосынов және мен Қордай ауданында жер-су жағдайын білетін, көктемде қар еріген кезде ащы суға толып тұрғанын көрген қариялар бірен-саран болса да әлі де бар.92 жастағы қария Күдері Қамбаровтан Итішпес Алакөлі туралы диктофон таспасына жазып алдық. 93 жасар Ырысымбет Дәубаев деген қария да дәл сондай куәлік берді.

Аңырақай даласының аталуы туралы бірнеше болжам бар. Алматы - Астана асфальт жолының бойында аттас кішігірім тау бар,осы аймақта шығыстан батысқа қарай ылғи жел соғып тұратыны, ал екінші болжам Аңырақай шайқасында көп қалмақ қырылуына байланысты аталған деген жорамал бар.

Осы көлдің солтүстігінде Қопалы сай мен Алматы-Астана асфальт жолының қиылысында қалмақтың батыры Доржының қонысы болған,қазір орнында ескі топырақтан салынған дуалдар бар. Соғыс аяқталған соң қалмақтар өлген сарбаздарын Түлкілі деген кішкентай таудан сол Дәржі қонысында, топ-топ молалы жерлері жатыр. Ал қазақ сарбаздарын кішкентай Тымпайты тауында, Қарасай, Ақдала, Райсай, Жарбастау бұлақтарының жанында жеке-жеке жерленген.

Осы аймақ-жас кезімде мал бағып, көкпар тартқан жерім. Бұл қазіргі уақытта Қордай ауданының қыстауы,шөбі өте шүйгін, ізенді, жусанды болып келеді. Мен сол ауданда 15 жылдай ауыл-су шаруашылығы мекемесін басқардым және аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болдым.

1997 жылы 3 қыркүйекте Елбасының тапсырмасымен ұлттық тәуелсіздігімізді сақтап қалу



жолында болған ұлы шайқас өткен жерді, болашақ ескерткіш қойылар орынды анықтау, зерттеу мақсатында Қордай ауданына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаев, ҚР Президентінің кеңесшісі Марат Тажин, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Манаш Қозыбаев, ҚР ҰҒА Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Карл Байпақовтар бастаған көрнекті ғалымдар, археологтар, сарапшылар келді. Оларды облыс әкімі А.Қ.Тшанов, аудан әкімі Б.Әденов, жергілікті өлкетанушылар, аудан өкілдері қарсы алды.

Тарихи шайқас өткен жерлерге сапар тоғыз жолдың торабы-Қордай асуындағы Кенен ауылынан басталды. Жақсы хабардан құлақтанған ауыл тұрғындары, қариялар ақын мұражайының алдында жиналып қалған еді. Кенен Әзірбаев ескерткіші жанында оның аруағына арналып құран оқылды.

Сонан соң қонақтар мұражаймен танысты. Мұнда осы өлкенің ғана емес бүкіл қазақ халқының бұлбұлы болған біртума талант Кенен жайлы мол жәдігерлер, құжаттар жүйе-жүйемен орналастырылған. Таныстырушы Эльмира Байниязова оның әрқайсысы туралы айтып берді. Жүз жылға жуық жырлаған жүректен туған әндер орындалып тұруы да ерекше әсерлі еді...



Амалбек Тшановпен

Мемлекеттік хатшы және ғалымдар мұражайдың келушілер кітабына пікір білдірген қолтаңбаларын қалдырды.

Бұдан соң мемлекеттік хатшы, астаналық ғалымдар мен сарапшылар, журналистер тау жолына жарамды көліктерге ауысып мініп жолға шықты. Олар алдымен Құлжабасы шоқысында болды. Содан кейін жол тас мүсіндер алқабына, одан соң Аңырақай даласына түсті...

Мемлекеттік хатшы да ғалымдар да Аңырақай шайқасын орыстың Бородино, Ұлы Отан соғысында Сталинград шайқасына теңеді. Біздің ұлт үшін Аңырақайдағы жеңіс соншалық зор мәртебе! Себебі ұлт болып сақталып қалу тағдыры сынға түсті. Бірлік пен бабаларымыздың мәңгі өшпес ерлігі арқасында жеңіске қол жетті.

Сапар қорытындысында мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев Аңырақай даласына арнайы экспедиция жіберу керек деген тоқтамды айтты. Ол ғылыми тұрғыдан баға беру, содан кейін қажетті шешімдер шығару үшін керек. Осы экспедиция құрамына бізден облыс әкімінің кеңесшісі Нұрдәулет Әлібеков пен облыстық мұражай директоры Күзенбай Байбосыновтар енетін болды. Мемлекеттік хатшыға тауып алған сауыт бұзар жебенің ұшын және шайқас болған жерле түсірілген, өзім құрастырған картаны табыстап, Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа көрсету жөнінде өтініш айттым.

Облыс әкімі Амалбек Қозыбақұлы Тшановтың осы сапар жөнінде пікірін де білудің реті түскен еді. Ол облыс аумағында мұндай қасиетті жердің бары үлкен мақтаныш екендігін айтты, өлкетанушыларымыз Н.Әлібеков, Б.Әбдідаев, К.Байбосынов, Н.Дәутаев және басқаларының ізденістеріне рахмет айтты.

Өз Төле, Қаз дауысты Қазбек, Әйтеке секілді кемеңгер билер Аңырақай жеңісіне ұйтқы, ұйымдастырушы болды. Қарадан шыққан Әлібекұлы Төле би- жоңғар

басқыншыларына қарсы күресте аса зор ұйымдастырушылық талантымен, қазақ қоғамының саяси тұтастығы үшін жүргізген белсенді, парасатты күресімен ерекшеленетін ерекше тарихи тұлға. Ол сонымен бірге Қазақстанның Ресейге қосылу қажеттігін тура түсінген және соған бастаушылардың бірі болған алғашқы қайраткерлердің бірі еді. Аңырақай шайқасына арналған Белгі-Ескерткішті азаттық жолындағы халық ерлігімен қоса әлгіндей халықтың еркіндігі мен теңдігі жолында бар өмірін сарп еткен саяси қайраткерлер мен қол бастаған батырлардың тарихи күрес тағлымына арналатынын ескергенбіз, болашақ алдындағы азаматтық боршымызды ақтай алғандығымыз, бұл өзі қоғамдық қажеттілік деп түсінуіміз керек.

Ескерткіш күндіз-түні жүргінші тынбайтын Алматы-Қордай күре жолының бойындағы төбешікке орнатылса, құба-құп болар еді. Мен мынандай жорамалды айттым: «Үш батыр аттың үстінде шаңырақты сол қолымен көтеріп тұрса, оң қолдарында біреуінде-айбалта, екіншісінде-алмас қылыш, үшіншісінде-найза болуы керек. Өттеген-ай, кейін келеңсіз салынған ескерткіш осы жолдың бойында-Шамалған аймағында тұр».

Ертеректе біздің үйде қоңыр-қызыл, күрең түсті таза мыстан жасалған мосы, көсеу, құмған және найза жебе оқтарының болаттан жасалған үшбұрышты сауыт бұзатын сүйір ұштары, тот басқан айбалта болатын. Мен әкемнен сұрайтынмын: «Бұл заттарды сіз қайдан алдыңыз?»-деп. Сонда маған: «Бұл айтылған заттарды қалмақтардың мүрдelerini қазып алдым», -дейтін.

Тарих бойынша Ұлы жүз әскерінің ордасы (штабы) Шу өзенінің Тасөткел деген жерінде, Орта жүздікі-Сұңқар шоқысында Мойынқұм ауданында, ал Кіші жүздікі Т. Рысқұлов ауданындағы қазіргі Подгорный елді мекенінің жанында, Абылхайыр алаңы деп аталатын жерде болған.

Сол кезде қазақ сарбаздары қойды сойып, жіліктеп, оны қойдың қарнына салып, түтік орнатып, шұңқырға салып, үстіне екі елідей құм төгіп 4-5 сағаттай от жағып пісіріп тамақтанған.

Соғыстың соңында үш жүздің ортақ ханы Болат жараланып, қаза болған соң тақ таласы басталады. Ұлы хан дәрежесіне Болаттың ұлы Әбілмәмбет ие болған соң осы жеңіске бас қолбасшылық еткен кіші жүздің ханы Әбілхайыр майдан даласынан барлық әскерімен кетіп қалады. Артынша ол Ресейге бодандыққа ант береді. Сондай-ақ орта жүз ханы Сәмеке де өзінің әскерлерін ертіп, ұлы жүз қолын жоңғарлармен жекпе-жек тастап кетеді. Ұлы Төле бидің: «Бөлінгенді бөрі жейді» деп күйіне айтатыны осы алауыздық кезінде. Данышпан бидің айтқаны айнымай келді, қазақ халқы 270 жыл бойы Ресейдің отаршылдық тепкісін көрді...

Оңтүстік қазақтарының жоңғар басқыншылығы кезінде оннан жеті – сегізі қырғын тапты. Ұлы Төле би тәрбиелеген Абылай хан бастап, ақырында қазақ халқын жеңіске жеткізді.

Сол кезде қазақтың ішінде қалмақтың екі елшісі жүреді. Олар осы жағдайды көріп, біліп отырады. Олардан құтылу үшін семіз серкені сойып қонақ етеді, етті тұзды көбірек салып береді. Содан оларды еліне шығарып салады, жолда әбден шөпдеген соң қайнардан мұздай су ішіп, ішектегі жеген майлары қатып, содан екеуі де өліп қалады. Сонда қалмақ жағы «Неге біздің елшілерді өлтірдіңдер?» деп айқай-шу шығарады. Халықаралық құқық бойынша ешқашан елшілерді өлтірмейді. Сонда қазақ жағы «Қазіргі кезде сыйлы қонаққа семіз, бүйрек майы бітеу серке соятын кезде бұлар тап болды, сондықтан сіздердің (қалмақтың) талаптарыңыз орынды емес», -деп дәлелдейді. Қазақтарда мынадай аталы сөз бар «Қозы мен лақ айтысады, қозы айтады «Сыйлы қонаққа ылғи бізді сояды», -дейді. Сонда лақ айтады «Сүмбіле» жұлдызы туғанда (24 тамыз) семіз серке немесе лақ сойылады. «Сүмбіледе сазайыңды тартқызамын» деген қазақ халқында ұғым бар. Өйткені сол кезде ешкі малы өте семіз, еті жағымды болады.

Қыс айларында ешкі малының етін жемейді, өйткені терісі жұқа болғандықтан суық тез өтеді, майлары іриді. Осы уақытта ешкі етін жеген адамдарға жақпай іші өтеді.

Қазақ әр малдың етінің қадір қасиетін білген,семіз серкенің алты жалпақ омыртқасының үстінде майлы бүйрегі болады, соны бұзбай пісіріп, құтты қонағына сыйлайды, өйткені қойдыкі сияқты «майлы құйрығы» болмайды. Соны айтып қалмақ елшілеріне асып берген. Содан сол елде «Жаубүйректен жан қалмайды» деген мақал қалған.

Қозыбасы туралы

Қозыбасы шоқысы Алматы-Тараз асфальт жолының 172 км-інде.Бұл шоқыдан 1729 жылғы атақты Аңырақай шайқасы өткен дала да,сол даладағы биіктігі 1073м Құлжабасы шоқысы да,Қордай ауылының шығысында Шу өзенінде салынған Шөміш тоғанының үстіндегі Атбасы 737м шоқысы да,батысында Тасөткел даласы да анық көрінеді .Бұл шоқылар бір сызықтың бойында оңтүстіктен солтүстікке қарай созылып жатыр. Аңырақай шайқасы кезінде Құлжабасы шоқысы дұшпандарды бақылайтын қарауыл шоқы болған.Сол шайқаста көп сарбаздардың өлуіне байланысты «Қушоқы» болып аталып кеткен. Осы аталған Қозыбасы шоқысының үстінде батырдың тас мүсіні болған. 1952-1954 жылдары әкем Әлібек екеуіміз ат арбамен Отар станциясынан Қасық ауылындағы әкпеме баратынбыз,жолда осы жерге тоқтап ат шалдыратынбыз және құран оқып өтетінбіз. Кейінірек ол тас мүсін жоқ болып кетті. Сол жерде бие байлап,қымыз ашытып, жолаушыларға сатып отырған адамға айтып, ас мүсінді тапқызғанмын. Тас мүсіннің орны тереңдігі 1,5 метрдей,аумағы 2 метрдей шұңқыр болып қалған. Мен сол тапқан адамға қайтадан қой десем,ол маған: «Ол шұңқыр «жылан ордасы» болып қалған, оған қоюға болмайды»,-деді. Қазақ халқының болжамында алтыны бар жерді жыландар қорғайды-мыс.

Әкем Қозыбасы шоқасы басына мені әдейі шығарып, диаметрі-шеңбері 300 метрлік, биіктігі 30 метрдей хан қорғанын көрсетіп,осы жерде Жәнібек пен Керей хандар қазақтардың алғашқы туын тіккен деп айтушы еді. Мұны мен ғана емес,сол төңіректің азаматтары,әсіресе, құймақұлақ шежіреші ақын Кенен Әзірбаев та талай рет айтып отырғанын өз құлағыммен естігем. Дулат Мұхаммед мырзаның кітабында «Қозыбасы Шу тарапында» десе, Кенен Әзірбаев та «Ақындар сыры» кітабында Қозыбасыны атап жырлаған еді.

2006 жылы Алматы-Қордай асфальт жолын Иран мемлекетінің құрылыс ұйымы күрделі жөндеу жұмысын жүргізді. Мен күз айында Иран мемлекетінің жауапты қызметкеріне:«Мына төбені бұзбаңдар, оған тиюші болмаңдар. Бұл жер-Қазақ хандығының туын тіккен жер»,-деп аудармашы арқылы ескерттім. Бірақ Қазақ Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Карл Байпақовтың тапсырмасымен Алматыдан мамандар келіп ,шоқыны солтүстіктен оңтүстікке қарай ені 15 метрдей,тереңдігі 20 метрдей қаздырған. Сол қазған шоқының астынан 1 x 1,5метр үңгір табылды,соның ішінде адам сүйегі болды.Басқа қандай заттар болғаны маған белгісіз. Сол төбе қазір ашық,тас мүсін оның жанында жатыр. Қазған археологтар ешқандай мәлімет бермеді. Сол ту тіккен төбені орнына келтіріп, қазақтың аспан түсті туы желбіреп тұрса, өте дұрыс болар, ары-бері өткен жолаушылар тәу етіп сиынып өтер еді.Бұл келешекте ұрпақтарға сабақ болар.

Нұрсұлтан Назарбаев қамқорлығы

2002 жылы Тараз қаласының екі мың жылдық тойын өткізуге арнайы Ел басымыз Н.Назарбаев қатысты. Біздерге облыстың құрметті азаматтары ретінде У.Әлімқотжаев, Л.Ахметова, Қ.Спамбетова, Ж. Аралбаев «Нұрсұлтан Әбішұлын Әулиеата Қарахан мазарының жанында қарсы аласыңдар» деп облыстық әкімшіліктен ескертті. Сол айтқан жерге сағат 900 –ден бастап жиналды. Н.Назарбаев ол кісі сағат 11 шамасында келіп,Қарахан жатқан күмбезге кіріп, құран бағыштап, қайтарында бізге қол беріп амандасты. Ол кісі Л.Ахметованы бірден танып: «Бұл жерде комсомол да тұр екен ғой»,-деп күлді. Қандай керемет, отыз жыл өтсе де Жамбыл облысының комсомол ұйымын басқарған Л.Ахметованы жазбай танығанына таңдандық.

Мен суармалы жерді дұрыс пайдаланып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз



Жамбыл облыстық партконференция, 1980ж.

-Сіз Қырғыз ағайындарға барып, бүлік, шеруді қою туралы ақыл-кеңес айтып, ынтымаққа шақырдыңыз, бұл өте орынды болды,-дедім. Ол кісі біздерге қарап:

-Өздеріңіз сайлаған заңды президенттеріңіз бар. Алауыздықты қойып, тәртіп сақтаңыздар, халыққа тыныштық беріңдер,-деп Қырғыз мемлекетінің депутаттарына айттым. Бірлік болмай, тірлік болмас. Рас сөз ғой.

Тараздық генерал Лященконың амалдары

1969 жылы жаз кезінде Шу ауданында Орта Азиялық әскери округінің жаттығуы болды,оған Кеңес Одағының Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары маршал В.Соколовский қатысты.Қордай ауданының бірінші хатшысы В.Г.Кравчукқа обкомнан Алматы-Қордай асфальт жолында бір шай ұйымдастыр деген хабар берді. Калинин атындағы колхоздың төменгі «Құрысай» бригадасында шай әзірлеп күттік.Оған сол колхоздың бригадирі Қанат Әнетов те қатысты. Түс кезінде сол жерге Шу ауданынан келген қонақтар: маршал В.Соколовский, Орта Азиялық әскери округтің басшысы армия генералы Н.Г.Лященко, обкомның бірінші хатшысы Б.Садуақасов және облыстың атқару комитетінің төрағасы А.З.Питуловтарды қарсы алдық.Қонақтар қолдарын жуып,дастарқанға отырған кезде Н.Г.Лященко колхоздың бригадирі Қ.Әнетовті байқап қалып: «Капитан Әнетов, ко мне!»-деп бұйрық берді. Екеуі құшақтасып,көрісіп,аман-есен жағдайларын сұрастырып болған соң Н.Г.Лященко мынандай болған жағдайды бізге айтты: Отан соғысы кезінде Н.Г.Лященко-барлау батальонының командирі, Қ.Әнетов сол батальонда капитан екен.Командир Әнетовты өзіне шақырып,бір шөлмек арақ беріп: «Сен бізге немістің бір майорын не полковнигін әкел!Өйткені немістер өте қатты қарсылық көрсеткеннен,алға жылжи алмай жатырмыз», -дейді.Содан үш күн өткен соң Қ.Әнетов бір полковникті аузын байлап,қапқа салып,ботальонға алып әкеледі.Сол неміс полковниктен егжей-тегжейін біліп,біздер үлкен жеңіске жеттік.Осы жеңіс бойынша оны мен «Кеңес Одағының батыр» атағына ұсындым. «Енді сен жақсылап демал»деп,бір бөтелке арақ бердім. Сөйтсем ол араққа тойып алып,бір сержантпен ерегісіп,оны атып жіберіпті.Содан оған батыр атағы бұйырмады.Қ.Әнетов: «Осы колхозда бригадир болып істеймін. Сегіз балам бар.Әйтеуір біреуден ілгері,біреуден кейін өмір сүріп жатырмын.Сен неге маған Алматыға келмедің»,-деді генерал.Сізге баруға батылдығым жетпеді»-деді. Енді екеуіміз қайта табыстық. «Алматыға келіп,қонақ бол!»-деді генерал.

Н.Г.Лященко осы отырыста Түркістан әскери округінде болған бір жағдайды

ету керек деп өзім қол қойған қағазды ұсынып едім, Нұрсұлтан Әбішұлы «көмекшіме бер»,-деді. Осы жазбаның арқасында Теріс-Ащыбұлақ су қоймасын жөндеуге 393.0 млн теңге беріліп, күрделі жұмыс істелді. Тас Өткел су қоймасына 663 млн теңге бөліп, күрделі жұмыс атқарлды.

Екінші кездесуім 2007 жылы сәуірдің 26 жұлдызында Тараз қаласында үлкен мешіт ашылғанда болды. Оған облыстың он шақты құрмет азаматтары Елбасшымен бірге қатысып, құран бағыштадық. Құран оқылған соң, мен Нұрсұлтан Әбішұлына:

айтты. Ол былай болған екен: Түркістан әскери округінің басшысы генерал полковник А. Федюнинский, ол Н.Г. Лященко-бірінші орынбасары, Кеңес Одағы мен Иран арасында бір шекаралық келіспеушілік болады. Соны біздің пайдамызға шешу керек және Иран жақтан біздің барлаушылардан орыстар арақты жақсы көреді. Оларға арақ беріп, мәселені өз пайдамызға шешеміз» деген хабар келді. Осы жайды ескеру амал-айла қолдану керек еді. Генерал полковниктен осындай тапсырма алғанды әр әскери бөлімнен генерал-майор, полковник төрт адам болып Тегеран қаласына баратын болдық. Бұйрықты орындау үшін үшеуін кабинетіне шақырып: «Сендер чемодандарына целофан қағазға 300 не 500 грамм сары май орап алып шығасыңдар», - дедім. Сонда бір полковник: «Не үшін?» - дегенде: «Бұйрықты талқыламайды, оны орындайды», - деп қатты ескерттім.

Түстен кейін Тегеранға ұшып келдік. Біздерді ирандықтар қарсы алып, қонақ үйге орналастырды. Қонақ үйлерде төсектің ұзындығы 190 см болады, ал менің бойым-213 см, салмағым-153 кг. Осыған лайық төсек болсын деп қонақ үйдің кезекшісіне ескерттім. Бір сағат өткен соң, үлкен бір бөлмеге біздерді Иранның әскери басшылары шақырып, пікір-талас басталды. Бірнеше сағат өтіп, күн батуға айналды. Ұсынысымызды олар қабылдайды, олардың ұсынысын біз де қабылдамай, біраз тартыс болды. Кездесуді ертеңге қалдыруына тура келуіне байланысты біздерді кешкі асқа шақырды. Біз олардан рұқсат сұрап: «Жолдан келдік. Жуынып-шайынып келейік», - деп, өз бөлмелерімізге келдік. Мен өзімен бірге келген генерал мен полковниктерге жуынып болған соң: «Целофандағы майды алып, менің бөлмеме келіңдер» - дедім. Олар келген соң: «Осы майды жеңдер», - десем, біреуі: «Мен нансыз жей алмаймын», - деп тұр. Сонда мен: «Бұйырамын, екі саусақпен мен сияқты жеңдер!» - дегенімде даусым қатты шығып кетті. Содан біреуі-200 гр, екеуі 300 гр майды жұтып, бізге әдейі арналған кафеге барып орналастық.

Даяшылар дастарқанның үстіне Иран халқының ұлттық тамақтарын дайындап, орыстың борщын алып келді. Столдың үстінде жетпіс граммдық рюмка, су ішетін фужер тұр. Содан даяшы рюмкаға арақ құя бастады, мен қалжыны-шыңы аралас Ирандық әскери басшысына қарап: «Сіз «Судьба человека» деген кинофильмді көрдіңіз бе?» - дедім. «Иә, көрдім. Орыстар арақты немен және қалай ішетінін білемін. Орыстар стаканды толтырып, үш рет ішіп, артынан тамақ жейді, бізде стакан жоқ», - деді. Мен: «Стакан болмаса, мына тұрған фужермен ішейік!» - деп ұсыныс айттым. Даяшы фужерге толтырып арақ құйып, Иран соғыс басшысы тост көтерді. Екіншісі болып мен көтердім. Үшінші рет тост көтергенде Иран офицерлері мас бола бастады, ас ішіп болған соң, біз бөлмеге барып демалдық. Ертеңінде әлгі менімен келген офицерлер не себепті сары май жегенін түсініп, маған рахметін айтты. Ертеңінде отырыста Иран офицерлері бас ауруына байланысты біздің пікірімізге қарсы келуге шамасы жетпей, айтқанымыз болды. Ташкентке келген соң, басшымыз Федюнинскийге: «Біздің ұсынымыз қабыл болып, сіз айтқандай дәрежеде орындадық», - деп рапорт бердім, - деген сөздер әскерлерден түрлі айла-амалдар айтылмайтынын мысал ретінде жадымда жатталып қалыпты.

Әнуар Жақыпов қатал еді

1983 жылдың көктемінде обкомның бірінші хатшысы болып Ә. Жақыпов келді. Ол кісі бұрын Алматы қаласында парткомның бірінші хатшысы болған, мамандығы-теміржолшы. Ауыл шаруашылығын жақсы білмейді, облыс және аудан басшыларына қатал, кадр мамандардың қызметке көбіне тегіне қарап тағайындап, орналастыратын. Жұмыста кемшілік жібергендерді обкомның бюросында қарап қатты сөгіс беретін немесе жұмыстан босататын. Сол жылдары облыста ауа райы өте құрғақ болды. Билікөл, Ақкөл және басқа кішігірім көлшіктер құрғап, сусыз қалды. 285 мың суармалы жер бар еді, онда 41,0 мың гектар қант қызылша, 80 мың гектар бидай, 70,0 мың гектар жүгері, 110 мың гектар жоңышқа өсірілетін. Судың сексен пайызы Қырғыз мемлекетінен Шу мен Талас өзендері арқылы келетін.

Әсіресе тамыз айларында дақылдарды суару үшін, күннің ыстық болуына

байланысты су жетіспей, қызылша құрғап қалатындай жағдайлар жиі болатын. Қырғыз ағайындар су бөлу ережесін бұзып, белгіленген су мөлшерін бермейтін, әуреге салатын. Осындай келеңсіз жағдайларды болдырмас үшін сан рет Бішкектегі қырғыз Министрлер Советіне, Су шаруашылығы министрлігіне, Талас обкомы мен облаткомына барып, өзіміздің тиісті суымызды алатынбыз. Осы келісімнің орындалуын тексеруде Талас облысына алты-жеті автомашынамен біздің мамандар күндіз-түні жүретін. Біздің мамандарға Қырғыз елінің милиционерлері көп кедергі жасайтын. Облаткомның шешімімен облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары В.Г. Шумов бекітіліп, біздің мамандарға көп пайдасын тигізді.

А. Жақыповтың бір жақсы қасиеті - өтірік ақпаратты берген адамды қатты жазалайтын. 1984 жылы жаз айында Талас ауданының бірінші хатшысы Р. Ерсеитов: «Ауданда су жетіспей жатыр, секундына не бәрі 10 текше метр аламыз, керегі 15 текше метр», - деп обкомға арыз айтады. Артынша мені А. Жақыпов шақырып:

-Маған Р. Ерсеитов телефон соғып, «су аз, егіндер шөлдеп тұр», - деді. Сонда мен оған қай аудан күнделікті қанша мөлшерде су алып жатқаны жазылған қалтамдағы блокнотты көрсеттім. Сөйтсе, 15 метр текше су ағуда. Сонда обком басшысы ашуланып:

-Қазір сол жерге барып, бәрін зерттеп, екеуің маған шешімін айтыңдар. Кім өтірік айтса, мен сол адамды орнынан босатамын, - деді. Мен автомашинаға мініп, тездетіп Талас ауданының бірінші хатшысы Р. Ерсеитовтың кабинетіне барып, күнделікті су бөлетін блокнотты көрсеттім, бұл аудан секундына 15 текше метр су алуда. Сонда ол маған:

-Сіздікі дұрыс екен. Маған менің мамандарым қате айтыпты, сен мені олар үшін кешір, кейін оларды бюро мәжілісінде қарап сөгіс жариялаймын, - деді. Мен оған тіке қарап:

-Енді А. Жақыповқа хабарлайық, - десем, ол менің ұсынысымды жақтырмады. Мен ашуланып:

-Жамбылдан ол кісінің тапсырмасымен келдім. Онда маған телефоныңызды беріңіз, менің баяндауым керек, - дегенде ол кісі реніш білдіріп, өзі Жақыповқа телефон шалып:

-Н. Әлібековтің айтқаны дұрыс, менің мамандарым қате айтыпты, - деді. Осындай су жөнінен өтірік айтқан бірінші хатшыларды: Мойынқұм ауданының хатшысы А. Назарбековты, Шу ауданының хатшысы Н. Торғаевты жұмыстан босатып жіберді. Кейіннен мен «Осы кісілердің жұмыстан босатылуына мен себепкер болдым ба?» деп көп ойландым.

1985 жылы Мойынқұм ауданының бірінші хатшысы А. Назарбеков жасына байланысты зейнетке шықты. А. Жақыпов мені шақырып, сол ауданның бірінші хатшысы болуға ұсыныс білдірді. Сонда мен:

-Рахмет, мен қара көл қойын жақсы білмеймін. Мүмкіндігіңіз болса, Қордай ауданына жіберсеңіз дұрыс болар еді. Өйткені халқын, жерін, каналдарын, кадрларды жақсы танимын, - дегенде, ол кісі:

-Сенікі дұрыс, бара бергің, - деп өз жауабын айтты. Бір жыл өткен соң Шу ауданының бірінші хатшысы Н. Торғаев Сарысу ауданының бірінші хатшысы болып ауысты, А. Жақыпов мені шақырып:

-Осы ауданда үлкен су құрылысын салып, соған баруға қалай қарайсың? - дегенде, мен ол кісіге тағы рахметімді айтып, Қордайға жіберуін өтіндім. Ол маған тіке қарап, жақтырмаған түрде «бара бер» дегендей болды.

Мен қыстай Мойынқұм ауданынан өтетін Шу өзенінің бойында Сарысу ауданының шабындықтарына су жеткізу, жазда Қырғыз Республикасының Талас облысындағы каналдарын тексеріп, Шу өзенінен келетін суды қадағалаймын. Кей жылдары 250-280 күн іс сапарында болатынмын. Аудандарды аралағанда Ә. Жақыпов мені бірге алып жүретін. Өзінің ауруына байланысты асханадан сирек ішетін, кісі үйінен тамақ ішпейтін. Өзінің көлігінде үш литрлік шыны ыдысында айран, екі литрлікке бал, көмбеш нан болатын, соны жейтін. Кездескен адамдарға

қол беріп амандаспайтын, егер де қол берсе, қалтасынан шиша ыдысқа құйған спиртпен қолын жуатын.

1987 жылы тамыз айында мені кабинетіне шақырып:

-Сен бұл жұмысқа қалай келдің? А.Асқаров пен С.Аққозиевпен қандай жақынсың?-дегені бар:

-Мен Қордайдың жанысымын, А.Асқаров Меркінің ботпайы, ал С.Аққозиев Шудың жалайыры. Менің бұл кісілермен туыстығым жоқ. Мені қызметке облаткомның сессиясында, обкомның бюросында қарап бекітті,-деп, осы туралы тілхат бердім. Ол кісі мені мұқият тыңдап, тілхатты оқып:

-Сен бұл болған жағдайды ешкімге айтушы болма,-деп шығарып салды.

10 қараша 1987 жылда Қазақстан Коммунистік партия комитетінің Орталық бюросында кадрларды бекіту мәселесі бойынша сөз сөйледім. Мен басқарған мекеме республика бойынша алдыңғы қатарда еді, барлық көрсеткіштер: суармалы жерлерді дайындау, күрделі су құрылыстарын жөндеу, үй-құрылысы-91 (жилье-91) туралы айттым. Аудандарда қызмет атқаратын мамандардың көпшілігі жоғарғы білімді, негізінен қазақтар, басқа ұлттар өкілдерінен: орыс, украин мамандар су құрылыс мекемелерінде қызмет атқарады, өйткені құрылыста айлық ақысы жоғары.

Осы жылы біздің облыс астықтан, қызылшадан жақсы өнім өсіріп, мемлекеттің берген жоспарын артығымен орындағанбыз. Бюрода маған көп сұрақ қойған хатшылар: З.Камелидинов және Р.Дәулетова болды. Екінші хатшы С.Құбашев сөйлеп, облыста атқарылып жатқан су шаруашылығы жұмыстарына оң баға беріп, Н.Әлібеков жолдас «облыстық су шаруашылығы басқармасының бастығы болып бекітілсін»-деген ұсыныс жасады. Бюроны басқарып отырған Г.Колбин көзілдірігін шешіп, жан-жағына қарап: «Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ»,-деді. Сонымен мені бір ауыздан қолдап, айтылған жұмысқа бекітті.

1987 жылы 19 желтоқсанда іс сапармен Ә.Жақыпов, облыстық атқару комитетінің төрағасы С.А.Медведев және мен Мойынқұм ауданына барып, Тасөткел су қоймасынан төменгі Шу бойына су жіберу мәселесін шештік. Кешкі сағат жиырма шамасында ауданның бірінші хатшысы Қапан Рахманбердиев біздерді қарсы алып, кабинетіне келіп орналастық. Күн өте суық, аяз, «түкірігіміз жерге түспейді». Ә.Жақыпов ауылдың жағдайын сұрап, оған көңілі толмай, Қапанға зілді жаман сөз айтты. Қапан орнынан атып тұрып, А.Жақыповтың желке тұсына барып:

-Сіз неге маған мұндай жаман сөз айттыңыз?-дегенде, Ә.Жақыпов оған жауап ретінде: «Ты еще мальчишка»,-деді. Сонда ол:

-Мен бала емеспін, бұл ауданда бірінші хатшымын,-деп, жұдырығын түйіп тұр. Біз не боларын білмей тұрмыз, сосын сөздері жараспаған соң, біраз уақыттан кейін қонақ үйге барып орналастық. Ертеңіне мен Қапан Рахманбердиевтен сұрадым:

-Бұларың қалай?-деп. Сонда ол:

-Жаз кезінде операция жасаттым. Жазылып шығып оған мен телефон соғып, жұмысқа кіріскенімді айтып едім, ол маған «сенің ауруың жаман екен, сен арыз жазып, жұмыстан кеткенің дұрыс» деді. Сол айтқан сөзі менің жүрегімнен өтіп кетті ғой! Осындай қатыгез адамға ішің қалай жылиды,-деп мәселенің мәнісін түсіндірді. Ә.Жақыпов кейін Қ.Рахымбердиевті жұмысынан босатып тынды.

Кейбір аудан басшылары су шаруашылығы туралы негізсіз ұсыныс айтып, өзін-өзі көрсеткен болды. Жуалы ауданын Ә.Жақыпов аралап жүргенде, ауданның бірінші хатшысы С.Әмреқұлов:

-Сорап арқылы Теріс-Ащыбұлақ су қоймасынан суды жоғары «Большевик» колхозының жеріне шығарсақ, Тараз қаласының тұрғындарын картоппен көбірек қамтамасыз етеміз,-деді. Ә.Жақыпов су мамандарын шақырып:

-С.Әмреқұлов айтқан ұсынысына қалай қарайсындар?-деді. Мен орнымнан тұрып:

-Бұл Теріс-Ащыбұлақ суы Жамбыл ауданының егіс алқабына арналған және көп жылдары 70-80 пайыз ғана сумен қамтамасыз етілді. Екіншіден ,насос, темір

құбырлары және электр энергиясы өте қымбат, сондықтан картоптың өзіндік құны өте жоғарылайды, колхоз зиян шегеді,-дедім. Алайда аудан басушылары біздердің айтқанымызға көнбей, 1987 жылы сол насосты орнаттық және диаметрі бір метр темір құбырды Бұхара облысынан әкеліп, жеті мың метр жерге төседік. Ұзындығы 2,5 км науа салдық, құрылыстың бағасы 2,5 млн сом болды, суармалы жерді 350 гектарға жеткіздік. Өкінішке орай сол қиындықпен салынған екі жыл аз ғана жерге картоп егілді. Үш жылдан соң насос сынып, істен шықты, темір құбырларды бұзып, сатып жіберді. Сол кездегі Жамбыл су құрылыс басқармасының бастығы Б.Имашев жоғары айтқандай, жұмыстың қиыншылығына шыдай алмай, жүрек ауруынан инфаркт алды.

Қордай ауданының бірінші хатшысы Ө.Байгелдиев Георгиевка каналынан 1985 жылы насоспен темір құбыр арқылы суды шығарып, Октябрь каналын салғызды. Әлбетте, бұл жұмыс та оңайға соқпады. Бірнеше жылдан соң электр энергиясының қымбаттауына байланысты бұл канал да істен шықты. Осындай өте қымбат құрылыстарға көп қаржы жұмсалып, өкіметке зиян келтірді.

Хасан Бектұрғанов және Сейілхан Аққозиев ағалығы

Хасан Шаяхметұлы 1972 жылы Қызылорда облысының бірінші хатшысынан Жамбыл обкомның бірінші хатшысы болып ауысып келді. Бұл кісінің қызмет атқарған кездері Қазақстанда, әсіресе біздің облыста жиі құрғақшылық, жаздары өте ыстық болды. Биліккөл, Ақкөлдің сулары буланып, саязданды, ал Шу, Талас, Меркі, Аспара, тағы басқа өзендердің суы кеміді, өйткені Алатауға қар аз жауды. Облысымызда 290,0 мың гектарда орналасқан қант қызылшасы, жүгері, бидай, көкөністерді сумен дер кезінде қамтамасыз ету үшін өте көп еңбек сіңіруге тура келді. Жер асты суларын пайдалану үшін 1979 жылы 27 шілдеде Қазақстанның Коммунистік партия Орталық комитетінің қаулысы шығып, біздің облыс 15,7 га суармалы жерді игеруге кірісті. Сол уақыттан бастап Жамбыл ауданында оң, Байзақ ауданында он алты, Луговой ауданында отыз жеті, Меркі ауданында алпыс бес ұңғы іске қосылды.

Суды ысырапқа жібермеу үшін науасыз жерден қазылған каналдарды қамыстан, арам шөптен тазарттық. Биліккөлдi сақтау үшін оны екіге, Ақкөлдi үшке бөлдік. Күндіз-түні суды егін алқаптарда тиімді пайдалану үшін мамандар белсенді қызметтер атқарды, түнде сушылар фонарды пайдаланды.

Үлкен Шу каналының жалғасы- Меркі тармағы, оның төрт жүз метр жері Қырғыз мемлекетінің аумағынан өтеді, сол жердегі каналы күрделі жөндейік десек, Қырғыз мемлекетінің сушылары рұқсат бермейді, жұмыс істеп тұрған бульдозер, эксковатор, скреперлерді милиционерлерді жіберіп, жұмыс істетпеді. Осындай болған жағдайды мен Х.Бектұрғановқа баяндап едім, ол кісі: «Ертең мені күтіп алсын»,- деген соң әрі сол күні Қырғыз мемлекетінің Панфилов ауданының бірінші хатшысында болдық. Х.Бектұрғанов хатшысына:

-Бұларын қалай? Неге жұмыс істетпейсіңдер?- деп ашуланып қатты айтып жіберді. Қырғыздар:

-Тракторларыңыз егінді басты,-деді. Кейін біз бәріміз жөндеп жатқан каналдың басына бардық. Х.Бектұрғанов ашуланып:

-Қане, егінді басқан жерді көрсет!-деп еді, олар көрсете алмай, төмен қарады. Сонда Х.Шаяхметұлы біздің механизмді қоршап тұрған қырғыз милиционерлеріне тік қарап:

-Сендер ұры, қары ұстаңдар! Бұл жерден кетіңдер!-деді. Қырғызстанда атқару комитетінің төрағасы келіп:



Х.Бектұрғановпен су объектінде

-Сіз біздің милиционерлерге неге бұйрық бересіз?-деген уақытта, Панфилов ауданының бірінші хатшысы сөзге араласып, оған:

-Х.Бектұрғанов - Кеңес Одағының компартиясы Орталық комитетінің мүшесі және Кеңес Одағының жоғарғы Советінің депутаты айтқанын орындауымыз қажет,-деді. Осыдан кейін механизаторларымыз жұмысқа кірісіп, каналды дер кезінде жөндеп, егіс алқабына суды уақытлы бере бастадық.

1981 жылдың көктемінде жаңбыр жаумай, құрғақшылық болып, әсіресе қант қызылша алқабы суды көп керек етті. Х.Шаяхметұлы Д.А.Қонаевқа телефон шалып:

-Сіз Қырғыз мемлекетінің басшылығына, Қордай ауданына секундына төрт текше метр су қосың,-деп айтсаңыз. Д.Қонаев СОКП орталық комитетінің бюро мүшесі ретінде Орта Азия республикаларына жауап беретін. Ол кісі Х.Бектұрғановқа:

-Қырғыз Республикасының бірінші хатшысы Т.Усубалиевке менің атымнан барыңдар. Сөйтіп мәселені өздерің шешіңдер,-деді. 1981 жылы 18 мамыр Х.Бектұрғанов, С.Аққозиев және мен Бішкекке бардық. Қырғыз Республикасының компартиясы Орталық комитетінде Т.Усубалиев бізді «күндіз сағат он шамаларында қабылдаймын» деді. Біздер сағат тоғыздан отыз минут өткенде ол кісінің көмекшісінде болдық. Сағат оннан отыз минут өткенде Қырғыз су шаруашылығы министрі Т.Қожамқұлов, сағат он бірге таяу Қырғыз Министрлер Советінің төрағасы М.Сүюнбаев Т.Усубалиевтің кабинетіне кірді. Ал біз әлі отырмыз, қашан кіретінімізді білмейміз. Сөйтіп сағат он екі шамасында көмекшісі біздерді ертіп, Т.Усубалиевтің кабинетіне кіргізді. Бізбен амандасып, жағдайды сұрастырып, өзінің 1954 жылдан бергі республика жетістіктерін және Д.Қонаев туралы өте жылы лебіз айтып, Қырғыз Республикасы өсуі туралы хабарлама жарты сағат уақыт алды. Бір уақытта бірінші хатшысының сөзін бөліп, М.Сүюнбаев Х.Шаяхметұлына тесіле қарап:

-Сіз Кенесары ұрпағы екенсіз ғой,-дегені, Х.Шаяхметұлы орнынан қозғалып, күтпеген сұраққа қаймықпай, оның бетіне тура қарап:

-Иә, мен Кенесарының туысы боламын. Сіздің бірінші хатшыңыз Кеңес Одағы компартиясы Орталық комитетінің мүшесі, мен де мүшесімін. Ол кісі Одақтық Жоғарғы Советке Одаққа депутат, мен де депутатпын,-деді де, Т.Усубалиевке қарап:

-Жамбыл облысы Қырғыз Республикасынан өнімді көп береді,-деп еді, ол кісі құптағандай басын шұлғыды, -Айырмашылығымыз мынада: бұл кісі Қырғыз республикасының бірінші хатшысы, ал мен Жамбыл облысының бірінші хатшысымын,-деп сөзін доғарды. Біраз уақыт үнсіз отырдық. Содан соң Т.Усубалиев:

-Д.Қонаев маған телефон шалып, Қордай ауданына секундына 4 текше метр су беруді сұрады. Біздер ақылдаса, 2 текше метр беруді ұйғардық. Осыны орындауды Қырғыз су шаруашылығы министрі Т.Қожамқұловқа тапсырма бердім,-деді. Бұрынғыдай емес, бұл сөз бізге ұнамады, Т.Усубалиев түскі асқа шақырды. Х.Бектұрғанов:

-Сағат 11-де Қордай ауданының партия, совет қызметкерлерімен кездесуім керек. Кешігіп баратын болдым. Сіздер мені кешіріңіз,-деп, көңілсіз жағдаймен кабинеттен шығып, көлікке мініп, Қордай ауданына барып, жиналыс өткізді. Жолда келе жатып Х.Шаяхметұлы біздерге қарап:

-Мен дұрыс айттым ба? Олар Кенесарыны айтып елімізді, мені кеміткісі келді. Осы орайда әлі күнге дейін қырғыздар өздері өлтірген Кенесарыны ұмытпағаны таңдандырады,-деді. Мен оның айтқан дұрыс сөзіне өте риза болдым. Шынында Хасан Бектұрған арғын болатын, ол Кенесары хан сияқты Абылай ханның тұқымы емес еді. Ол қазақ ханының намысын қорғады.

Екі күннен соң, қырғыздар берген су секундына 2 текше метр ғана бөлгенін білдім. Мен мұны Х.Шаяхметұлына баяндап едім, ол кісі қатты ашуланды. 1981 жылы 20-мамырда шөп шабу, егін ору туралы үлкен жиын болып, Х.Бектұрғанов



С.Аққозиевпен су объектінде

ауданның хатшыларына арпаны орып, оны өкіметке тапсыру керек,- деп тапсырма берді. 30-мамырда мені ертіп Меркі, Қордай ауданын аралауға шықты.

Меркі ауданының шекарасында ауданның бірінші хатшысы Р.Асадулин, аудандық атқару комитетінің төрағасы Б.Стародубцев бізді қарсы алды.

«Большевик» колхозының қырманына барсақ, сол колхоздың агрономы арпаны қамбаға құйып жатыр. Осы жағдайды көріп облыс басшысы Р.Асадулинге тесіле қарап:

-Бұл қалай? Кеше мен сендерге бұйрық берген едім ғой. Сен неге мені тыңдамайсың? Айтқанымды орындамайсың? Саған не істейін?-деп қатты ашуланып.-Қазірден бастап қамбаға жиналған арпаны тазалап, өкіметке өткізіл!-деп кесіп айтты. Ол кісі қатты ашуланып, машинаға мініп, Жамбыл колхоздың қырманына келсек, арпаны тазалап, өкіметке өткізуге дайындалуда. Бұл колхоздың бастығы Ө.Қырғызбаевқа риза болып, Победа колхозының Тараз-Алматы жол бойының жанындағы Папанин бөлімшесіндегі қырманына келсек, арпаның үстінде қозы-лақ, бұзау жүр, жаңа ғана көңілді болған Х.Шаяхметов Р.Асадулинге көзін аларта қарап:

-Мен осы татарлардан көрдім қорлықты. Үйде бір татар. Мынау сен екінші татар,-деп бар ашуын хатшыдан, аудандық атқару комитеті төрағасынан алды. Түс кезі болып қалған уақыт, өзінің автоайдаушысы Ғалым, ол да татар, оған қарап:

-Мария шай құйған термосты әкел! Мыналар мені аштан қалдыра жаздады,- деді. Сонда Ғалым жүгіріп барып машинаның артындағы жүк салатын орынды ашса, жолдың кедір-бүдірі әсер етіп, термос сынып, шай ағып кетіпті. Х.Шаяхметов одан сайын ашуланып:

-Маған қарап көрдің бе? Мына татарлар мені өлтіреді. Қордай ауданына тезірек жетейік,-деп, машинаға отырдық. -Егер де мен жарты сағат ішінде тамақ ішпесем, өліп кетуім мүмкін, деп еді, мен Ғалымға:

-Машинаны жылдамырақ айдаңыз! Осы жерден «Көкқайнар» совхозына дейін 45км,-деп айттым. «Көкқайнар» совхозына сағат екі болмай жетсек, асхана жұмыс істеп тұр екен. Мені асхана жетекшісі бірден таныды. Мен даяшы әйелге Хасан Шаяхметұлына тамақты тез әкелуді айттым. Кейін сол совхоздың конторына бардым, директор Л.М.Хан орнында екен.

-Сенің асханаңда Х.Бектұрғанов тамақтануда. Сен Қордай ауданының бірінші хатшысы екеуіңіз тез келіңіз,- дедім. Ертеңінде облыс басшысы Қордай ауданының активін жинап, кеңес өткізіп, суды дұрыс пайдалануды, су бұдан былай артық берілмейтіні туралы ескертті.

Жамбыл облысы сол кездегі Жезқазған облысынан жиырма бес жылға Сарыарқа жаз жайылымын жалға алған. Осы жайылымды пайдалануды ұзарту үшін Қазақстан Министрлер Советі төрағасының орынбасары Ә.Карбовский, су шаруашылығы министрі Н.Қыпшықбаев, ауылшаруашылық министрінің орынбасары Ф.Измаилов, біздің облыстың бірінші хатшысы Х.Бектұрғанов, облыстық атқару комитетінің төрағасы С.Аққозиев Мойынқұм ауданының бірінші хатшысы А.Назарбеков және мен Сарыарқа жайылымына 1982 жылы 14 мамырда «АН-2» ұшағына мініп, біздің облысқа берілген жайылымды араладық. Байзақ ауданына тиісті жерге келгенде Жезқазған облысы ауданының бірнеше мыңға жуық қызыл қасқа қазақы сиырлары жайылып жүргенін көрдік. Х.Шаяхмет ұлы

ұшқыш А.С.Шукинге: «Осы жерге қон», -деп бұйрық берді. Ұшақ көпке дейін қонатын жайлы жерді іздеп, әйтеуір жусанды жерге келіп қондық. Малшының киіз үйіне барсақ, жасы ұлғайған қария аға шығып, бізбен амандасты. Х.Шаяхметұлы:

-Малшылар қайда? Неге біздің жерлерімізге мал жаясыздар? Оларды алып кетіңіздер, - деді. Сол кезде қария апа:

-Бұл менің ата-бабамның жері. Сен кімсің маған қатты сөйлейтін? - деп еді, С. Аққозиев Х.Шаяхмет ұлына қарап:

-Сіз абайлап сөйлеңіз, сіздің апайыңыз болып қалар, - деп ақырын қарап күліп қойды. Х.Шаяхметұлы малшы анаға тесіле қарап:

-Сіздің руыңыз кім болады? - дегенде қария апай:

-Арғынмың, - деді. Х.Шаяхметұлы іліп алғандай:

-Мен де арғынмың, Жамбыл обкомның хатшысымың, - дегенде, ана:

-Онда неге өз жеріңнен адасып жүрсің? - дегені. Бәріміз апаның айтқан сөзіне күлдік. Сол жерде самаурын қойып, шай қайнатып, бағлан қозының етін жеп, қымыз бен шұбат ішіп, біраз әңгіме айтып, көңіл көтердік. Аяқтың астындағы жусанды басқанда керемет иіс шығып, мұрнымызды жара жаздады. Өйткені Сарыарқаның ауасы таза, баз қалпында. Осы тексерістен соң Қазақстан Министрлер Совет сол Сарыарқа жайылымын пайдалануды облысымыз үшін он жылға дейін созды.

Жамбыл облысы жерін сулы, нулы еткенбіз

Адамзат пен жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктер бір қалыпты өмір сүру үшін су, топырақ, ауа және күн сәулесі қажет. Су-Алланың адамға берген нәрі, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың. Адам баласы тамақ ішпей, су ішкен уақытта да бір ай өмір сүреді, ал сусыз бір апта ғана тіршілік етеді. Дүние жүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметтерінде 80 пайыз ауру таза су ішпегендіктен және адам ағзасында 70 пайызға жуық су болатынын дәлелделінген. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымының бас Ассамблеясы 22 наурызды «Халықаралық су күні» деп атап өтуге шешім қабылдаған. Жер бетіндегі барлық тіршілік суға тәуелді және оны пай-даланбайтын сала жоқ. Ауыл шаруашылығынан басқа кен байыту жұмыстарына, түсті металл мен темір өндіруге және оны өндеуге де су керек, электр энергиясын өндіруге де қажет. Судың табиғи айналымын бәріміз мектепте оқығанда география пәнінен білдік.

Судың өзіндік заңдылықтары бар екенін көпшілік біле бермейді. Біздің облыстың жері Арал көліне тығыз байланысты, көктемнен бастап көлдің суы буланып, Алатауға жаңбыр жау-атын. Сырдария, Амудария, Шу, Талас өзендерін бойлап, суды мақта, күріш, қызылша және басқа өсімдіктерге жіберіп, Арал көлін құрғатып алдық. Осының кесірінен облыстағы жайлау-лардағы су көздері құрғай бастады, біздер миллион жылдағы тепе-теңдікті қолдап бұздық. Мен Мысыр елінде болғанымда көне Египет папирусында жазылған «Мен ағын суды бөгемеймін» деген ант сөзін аудармашы арқылы естігенмін. Ант Алла алдындағы уәде және парыз. Совет елі Ніл өзенінде Асуан су қоймасын салып, Мысыр елін электр энергиясымен қамтамасыз етті, бірақ өзен байланбай тұрған кезде қараша айында су тасып, өзеннің бойындағы жерлерге қара топырақ әкеліп құнарландырады екен. Ол топырақ өсімдіктердің қаулап өсуіне өте қолайлы болған. Су қоймасына байланысты шаруалар ол жерден мол өнім алу үшін сорап орнатып, тыңайтқыш беретін болды. Халыққа жарық бергенмен, шаруалар қиын жағдайда қалды.

Біздер де Шу өзенін екі жерден, Талас өзенін бір жерден байлап аталған өзендердің төменгі жағын құрғата бастадық, сондықтан шабындықтар мен жайылым азайды, халық ол жерлерден басқа жақа көше бастады. Сол себепті су-өмірдің нәрі, тіршілік тудыратын орта.

Менің су маманы болуыма себепші болған-қалмақтар. Жоғарыда айтып кеттім: Отар да-ласындағы өзендердің су көздері қолмен бекітілген. Ал менің мақсатым-су маманы болып, сол жерлерді қайтадан гүлдендіріп, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Сол Отар даласын-да бұрғы қаздырып, электр сымын тартып, 748ға жерге су бергіздім. Ол жерге Калинин мен Киров атындағы колхоздар

жүгері, бидай, жоңышқа егіп, көп өнім алды.

Жамбыл облысының басшыларының келісімі бойынша, Қазақ ССР мелиорация және су шаруашылығы министрінің 1977 жылы 6- желтоқсандағы № 282 бұйрығына сәйкес Жамбыл облысының мелиорация су шаруашылығының бастығы болып тағайындалдым. Осы мекемені он шақты жыл басқарған жоғарғы білімді маман Рүстем Ділдебаев деген іскер азамат тыңғылықты жұмыс істеді. Облыстың сушаруашылығын өркендетуге мол үлес қосты, көптеген мамандарды тәрбиеледі, өзі таза адам болатын. Қажырлы, баянды еңбегін бағалап, ол өкіметтік бірнеше орден мен медалдардың иесі болды.

Оңтүстік Қазақстан облысы өзінің мақтасын, Қызылорда облысы күрішін, Алматы облысы қант қызылшасын өсіруде, ал біздер жоғары айтқан келеңсіз жағдайларға байланысты қант қызылшасын өсіруді құрдымға жібердік.

1975 жылдан бастап Мойынқұм ауданында су құрылысы жұмыстары қарқынды жүргізілді, себебі ол аудан жүгері өсірумен айналысып, солтүстік облыстарға жүгері тұқымын дайындап, оларға сату керек деп шешілді. Әр жыл сайын 9 мың гектар жүгері егілетін, оның сегіз мыңы дәндік жүгері болатын. Аудан басшысы жыл сайын айтқан межесінен жиырма мың тонна жүгеріні ала алмай, ылғи сынға түсетін. 1982 жылдың 4 маусымында облыстың хатшысының тапсырмасы бойынша іс сапармен Мойынқұм ауданына барып «Көктерек» совхозынан бастап Жамбыл, Фурманов атындағы шаруашылықтарының жүгері алқабын жаяу, резина етік киіп, қолыма сантиметр белгісі бар темір таяқты алып, жүгері алқабын екі күн араладым, сушылармен кездестім. Негізгі сушылар-Бішкектен келген дұнған және ұйғыр азаматтары. Жүгерінің суы қанша жерге сіңді деп тексерсем, 15-20 сантиметрден аспайды, ал бақша егілген жерді тексерсем, 50 сантиметрден асып жығылады. Сонда мен сушыларға бұлардың қалай?,- десем, олар маған төмен қарап: «Сіз су маманы екенсіз ғой », - деген. Мен оларға: мұндай қателікті жібермендер,- дедім. Енді одан өткен сұрақысы, асфальт жолдың бойындағы он-шақты қатарда жүгері жақсы өсіп тұр, одан ары қарай өте нашар, ала-құла егіс алқабының ортасында бақша егілген. Мен ауданға келген соң ауданның бірінші хатшысы-А. Назарбековке барып баяндадым, ол кісі менің баяндауыма сеніңкіремеді. Сонда ол кісіге: -Мен ертен АН-2 самолетін шақыртамын, сол аталған совхоздың директорын, аудандық атқару комитетінің төрағасы Б. Қадірбергеновты алып егін алқабының үстінен ұшайық, сонда олар жіберілген қателіктерді көрсін, сонан соң сөйлесейік,- дедім. Ертеңінде Фурманов атындағы совхоздың басшысы А. Нұркенов, Жамбыл атындағы совхоздың басшысы Б. Төлегенов, «Көктерек» совхозының басшысы А. Жанғазиев дегбірсіз адам екен, жүгерінің ортасындағы бақшаны көріп самолеттен секіре жаздады. Совхоздардың бастықтары жіберген кемшіліктерін көріп мойындады. Мойынқұм ауданының партия комитетінің бюро мәжілісінде аталған совхоздардың басшыларына қатаң сөгіс жарияланды.

1995 жылға дейін облысегістік алқаптарына суббетондалған науалы каналдарымен ағып баратын ұзындығы 2479 шақырым, бағасы 150,0 миллион сом сондықтан суды пайдалану коэффициенті жоғары болатын, су үнемделіп пайдаланатын, ысырап болмайтын. Облыстың егіс алқаптарында 650 жаңбырлатқыш: ДДА-100м, ДДН-45м және Днепр, Фрегат, Волжанка, Раду-га, Сигма, Кубань машиналары жұмыс істеп тұрды.

Мысалы: Жуалы ауданында 22км, Ақсай каналы-1771га, Радуга мен Ленин атындағы колхоз 237га жерді сумен қамтамасыз еттік, «Труд Пахарь»- колхозында -6 дана, Қордай ауданының «Қақпата» совхозында-6дана, «Путь Ленина» колхозында-2 дана, Р-Люксембург атындағы совхозда «Днепр»-8-дана, Шу ауданының «Белбасар» совхозында «Сигма»-1500га; жерасты жабық шлангымен суару Байзақ ауданының Аманкелді атындағы колхозында-600га, Шу ауданының Чкалов атындағы совхозында-800га болған. Егістік алқабында 385 ұңғыма жұмыс істеп, секундына 14685 текше метр су беріп тұрды. Меркі ауданында -80 ұңғыма, Луго-вой ауданында -107, Шу ауданында -82 ұңғыма болды.

Қазақстан КП орталық комитетінің және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1979

жылғы 27 тамыздағы аудандар бойынша жер асты су арқылы жерлерді іске қосу туралы № 323 қау-лысына сәйкес мемлекеттік гидрогеологиялық институттың есебі бойынша біздің облыста тәулігінде 2781,8 мың текше метр су бар, оның суармалы жерлер үшін қарастырылғаны 2280 текше метрі олардың көпшілігі мына аудандарда: Жуалыда-340; Т.Рысқұловта-730, Меркіде-310 текше метр. Осы байлықты игеру үшін облыста арнайы мекеме болды, оны жоғары білімді А. Мамажанов басқарды. Облыста 267 ұнғыма қазып, секундына 12,00 мың текшеметр су шығарып, 21,9 мың гектар жерге пайдаландық.

Облыста Талас өзені бойынша -8250га көлдетіп суару (лиманное орошение), Шу өзені бойынша: Мойынқұм ауданында -7295га; Сарысу ауданында-9625га. Талас өзені бойынша ша-бындықтар Талас ауданында-10550га, Шу өзенінде Мойынқұм ауданында-76 230га, Сарысу ауданында 18200га болды. Әр жыл сайын орта есеппен Талас ауданы – 25,0 мың тонна, Мойынқұм ауданы – 72,0 мың тонна, Сарысу ауданы -101,0 мың тонна шөп жинайтын.

1979 жылдан бастап Талас ауданында Ойық алқабын игеру басталды, құрылыстың бағасы -26,1 млн сом, су шаруашылығына бөлінгені- 22,9 млн сом болды. Осы қаржыға 6438га суармалы жаңа жер игеру және 3830 га инженерлік типтегі көлдетіп (лиманное орошение) су-ару көрсетілді. Бұл күрделі жұмысты өз ісін жетік білетін, жұмысшыларды ұйымдастыра ала-тын маман ПМК-109 бастығы Ә.Әлиев басқарды. Ойық алқабындағы егістіктерді сумен қамта-масыз ету үшін ұзындығы-25км, сыйымдығы секундына 5,4 текше метр сол жақ бетон каналы салынды. Он бір жыл ішінде 3842га жаңа жер игерілді. «Ойық» совхозына-2184гектар, «Та-лас» совхозына – 1358гектар және «Түгіскен» совхозына -300га пайдалануға берілді, көлдетіп суару көлемі толығымен іске асты. Осы игерілген жерлерден бидайдың әр гектарынан 20-25 центнер, жүгеріден 40 центнерге дейін дән жиналды. Егілген жоңышқаны екі-үш рет орып, мал шаруашылығын құнарлы шөппен қамтамасыз етті.

Тараз қаласын Оңтүстіктен Солтүстік бағытқа қарай Сенкібай, Қапал, Түйте атындағы каналдар кесіп өтеді. Сол каналдардың бойындағы қала тұрғындары суды ұрлап, айтылған ау-дандардың егініне жетпей қалатын. Ең сорақысы күл-қоқысты, өлген тауық, ит пен мысықтарды тастап экологияға зиян келтіріп, төмендегі сол суды ішкен малдар өлетін. Осы айтылған ке-леңсіз жағдайды болдырмау үшін қаланы айналып өтетін Сол қанатты (Левобережный) 1980 жылы бетондалған ұзындығы 7,4километр сыйымдылығы секундына 39 текше метр бағасы 2,8 миллион сомға салынып, 24430га егістіктерді сумен қамтамасыз еттік және мал таза су ішетін болды. Әсіресе , қызылша, товарлы сүт, тауық, үйрек комплекстері арнайы химзаводтарына «Химпром», «Новожембульский, «Суперфосфат» тағы да басқа да мекемелердің жұмысшыларға химиялық зардапқа қарсы, оны жеңілдетік.Түйеқұс, тауық, етін өндіру біз үшін өте мұқтаж бо-латын

Біз өткен тарихтағы жақсы істерімізді ұмытпауымыз керек. Оның негізі КОКП ОК-нің су-армалы жерлерді тездетіп игеру туралы 1966 жылғы қаулысымен қаланған еді Осы қаулыдағы жоспарларды орындау үшін біздің облыста өте көп күрделі жұмыстар атқарылды. Суармалы жерлердің көлемін көбейту және тиімді пайдалану мәселелесі қойылып, оның материалдық ба-засы күшейтілді. Суармалы жерлерді игеру көп мөлшерде қаржы бөлініп, жұмысшыларымыз ыстық күнге күйіп, қар мен аязда, маңдай терін төгіп, аянбай еңбек етті:

Шу ауданында Тасөткел су қоймасы және Шу қант заводы салуына байланысты суарма-лы егістің көлемін көбейтіп, қант қызылшасын жеткілікті мөлшерде өсіру үшін 1997 жылы Қазақ республикасы үкіметінің шешімімен «Шусовхозводстрой» тресі құрылды. Ол мекемеге Шу ауданынан жеті совхоз қарамағына берілді және екі жылжымалы механикаландырылған құрылыс мекемесі құрылды. Оның біреуін ПМК-45 басқарған Б. Қарашолақов-қазір Шу ауда-нының әкімі, екіншісін ПМК-47 басқарған Қ. Жыңғылбаев болды. Осы аталған совхоздарға әр жыл сайын екі пәтерлік 60 үй, жеті мектеп, үш мәдениет үйі, үш аурухана, ауылдарына су құбыры тартылды. Бұл ауданда бес жыл бойы Вьетнамнан екі жүз адам келіп

құрылыс жұмысын атқарды. Осындай үлкен, ауқымды жұмысты басқарған іскер маман Ғ.Қожахметов басқарды. Бұдан басқа облыста «Жамбылводстрой» құрылыс тресі, оның бастығы П. Амежа-нов, А. Крейчман, содан соң Б. Имашев қажырлы еңбек етті, әр жыл сайын 40,0 млн сомның су құрылыс жұмыстарын игерді. Бұл мекеменің қарамағында 8 ПМК, 3 темір бетон заводы, Тараз бен Шу қалаларында және Меркі аулында мүлтіксіз жұмыс істеді. Екі автобаза Таразда, Төле би аулында бетон заттарын объектіге дер кезінде жеткізіп тұрды. Барлық құрылыс мекемелері өзіне бекітілген жоспарларын орындап, суармалы жерлерді көбейтті. Әсіресе С. Олжабеков басқарған Тараз қаласындағы ПМК-46 және Г.Ильин басқарған Меркі ауданындағы ПМК 74 үздік –озат аталып ауыспалы «Қызыл тудың» иегері болатын. Қазіргі жағдайға бейімделген С. Олжабеков «Бином» деген үлкен құрылыс мекемесін ашып, қалада мектептер және 4-5 қабатты үйлер салуда, жыл сайын 1.25 миллиард теңгенің жұмысын атқаруда.

Шу ауданындағы Тасөткел су қоймасынан ұзындығы 52,7км, сыйымдылығы се-кундына 25,0 текше метр бетон каналы, осы каналдың бойынан сушыларға арналған үйлер са-лынды, олар электр жарығымен және қиыршық тас төселген жолмен қамтамасыз етілді. Бұл алқапты игеру үшін мемлекет 135,5 млн сом қарастырылған жоба бойынша 14576гектар жаңа жер игеру, ескі 4823га суармалы жерлерді инженерлік типке айлаудыруды көздеді. Он жыл ішінде 12286гектар жер игерілді және 4825га жер қайта жөндеуден өтті.

Талас өзені бойындағы аудандардың каналдарын, тоғандарын жөндеу үшін жылжымалы механикаландырылған мекеме ПМК-42 құрылды, оның бастығы Д. Асанбеков қызмет атқарды. Әр жыл сайын 2,5 млн сомдық жөндеу жұмысын атқарды. Бұл жігіт 1980 жылы облыстың «Казсельхозводоснабжение» мекемесіне басшысы болып ауысты.



Қазақ су шаруашылық ғылыми зерттеу институтының кенесінде

Облыста Су құрылыстарын жобалау «Казюжгипроводхоз» институтын басқарған білімді және іскер маман Т.Абишев төрт жүз инженер мен техниктерді жұмылдырды, Тараз қаласында көптеген төрт-бес қабат үй салып, қызметкерлерін пәтерлермен қамтамасыз етті. Күрделі үлкен су құрылыстарының жобасын Алматыдағы «Казгипроводхоз» институты жасады. Осы жобалау институтарына

тапсырыс беріп, қаржыландыратын «Дирекция Тас-өткел суландыратын аймағындағы» мекемесін 1980-1994 жылдарына дейін басқарған өте зерек, жоғары білімді М. Олжабеков әр жыл сайын 25-30 миллион сомның жобалау жұмысын істеттірді. Су мамандарын даярлау үшін Алматыдағы ауылшаруашылық гидромелиорация факультетінен 1962 жылы Жамбыл қаласында гидромелиорация және құрылыс институты ашылды. Әр жыл сайын осы институт екі жүзге жуық инженерлер дайындады.

Мал жайылымдағы су құрылыстарын салатын мамандандырылған ПМК-82 мекемесі болды. Оны жер жағдайын жақсы білетін, жоғары білімді іскер мамандар С.Әбдрахметов пен Ш. Усманов басқарды. Жаздық жайылымдарда су құбырлары мына шаруашылықтарда тартылды: Талас ауданындағы «Аққұм», «Бостандық», «Ойық», «Талас»; Сарысу ауданындағы «Түгіскен»; Мойынқұм ауданындағы совхоздар: «Құмөзек», Аманкелді атындағы және «Қарабөгет». Мойынқұмнан Сарыарқа жайылымына он бір мал айдау жолы(трасса) бар, солардың ішіндегі «Шиелі», «Қаратал» су құбырларының әр қайсысының ұзындығы 25-30 шақырым болды. Әр жыл сайын осы құрылыс жұмыстары 2,5 миллион сомның жұмысын игеріп, 40-50 шегенді, 130-150 шұңғыма құдық қазып, 90-100километр су құбырын салды.

Өкінішке орай, өтпелі кезеңнен бері мал жайылымдарында құрылыс жұмыстары тоқтап қалды. Суландыру құрылыстарын тиімді пайдалану, жұмысын жақсартуды түбірімен өзгерту үшін 1972 жылы «Казсельхозводхозводоснабжение» басқармасы құрылды, оның бастығы болып құрылыс саласындағы өте тәжірибелі маман Д. Асанбеков қызмет атқарды. Басқарманың негізгі міндеттері суландыру құрылыстарын жай және күрделі жөндеуден өткізу, суат пункттерін шаруашылықтарының техникалық жағынан дұрыс пайдалануына бақылау жасау, техникалық қызмет көрсету және тағы басқалар. Бұл құрылыс мекемесі әр жыл сайын 10-11,0 мил-лион сомның жұмысын атқарды. Қазір бұл мекеме де тарап, жоқ болып кетті.

Дүйсенқұл Сарықұлов деген азамат 1956-1963 жылдары Қазақ ССР су шаруашылық министрлігінің орынбасары, кейін министр болып қызмет атқарды. Оның алдында 1942-1956 жылдары Өзбекстан Наркомы ет-сүт өнеркәсібі министрі, СССР ет-сүт өнеркәсібі басқарма бастығының орынбасары, Өзбекстан ГЭС құрылыс бастығы, Қырғыз ССР құрылыс министрінің орынбасары сияқты жауапты қызметтерде жұмыс істеді.

Қандай бір жауапты жұмыста жүрмесін Д. Сарықұлов үлкен жүректі, таза жанды, адалдық қасиетімен көзге түсті. Ол кісі көптеген жергілікті су мамандарын даярлауда, оларға іс тәжірибе үйретіп келешекте су шаруашылығының өрлеуіне солармен бірге атсалысты. И. Юсупов жазықсыздан – жазықсыз, солақай саясатының салдарынан 1965 жылы наурызда Д.Сарықұловты Қазақ республикасы су шаруашылық министрінен босатып жіберді. Д. Сарықұловтың шәкіртері олардың ішінде қатардағы маманнан мемлекет қайраткері көпке неге дейін жеткен Эрик Гукасов Қазақ ССР Министрлер Советі төрағасының орынбасары, Мұстахим Ықсанов Жамбыл обкомының бірінші хатшысы, кейін Қазақ ССР Министрлер Советі төрағасының орынбасары, Әубәкір Тыныбаев су шаруашылығы министрі, кейін Талды-Қорған обкомының бірінші хатшысы, Султан Сәрсенбаев су шаруашылығының министрі, Қызыл-Орда облысының екінші хатшысы, Виктор Гончарев Казлавлрисовхозводстрой басқармасының бастығы, су шаруашылығы министрі, Өтеу Есенов, Бостан Имашев су шаруашылығы министрінің орынбасарлары болды. Нариман Қыпшақпаев жақсы оқып, ауылшаруашылық институтын бітіріп, осы су шаруашылығы министрлігінің аппаратында жай инженерден бастап, министрдің орынбасары, кейін ол соңғы министрі болды. Ол кісі өндірісте жұмыс істемеген әсерінен Су шаруашылық министрлігі су ресурстар комитеті болып өзгерді, одан кейін жай комитет болып ауылшаруашылық министрлігіне берілді, өзінде зейнетке шықты.

Мен институтты бітіріп, Алматы облыстық су шаруашылығында инженер болып

еңбек ете бастадым. 1960 жылы мені су шаруашылығы министрлігіне аға инженер етіп тағайындады. 1962 жылы Қордай ауданына ауданаралық су жүйелеріне бастық етіп тағайындады. Жоғарыда айтып кеттім-сол ауданда он бес жыл белсенді, баянды қызмет істеп, 1977 жылы Жамбыл об-лысының су шаруашылығының басшысы болып жиырма бір жыл еңбек еткенде көптеген шәкірттерді дайындадым. Олардың барлығы жоғары білімді, берген тапсырмаларды мүлтіксіз орындайтын, өздерінің қарамағындағы қызметкерлер мен жұмысшылардың тілін таба білетін, от басында абыройлы азаматтар болды.

Мен облыста қызмет атқарған кезімде құрғақшылық жылдар көп болды. Суармалы жер-лердегі егістікке, әсіресе суды көп мөлшерде керек ететін қант қызылшасына дер кезінде жет-кізу, салынып жатқан су құрылыстарын қадағалау, Қырғыз республикасындағы Шу мен Талас өзендеріндегі каналдарды бақылау үшін су мамандарын іске жұмылдыру қажет болды. Осы жауапты жұмыстарды атқару үшін білікті, білімді мамандарды іріктеу керек еді

Мен маманды мекеме басшысына тағайындағанда оның біліміне, өмірбаянына және оның қызметте өсу жолына, сөйлеген сөзіне, жүріс-тұрысына қарай бекітетінмін. Сонан соң сол саланың ерекшелігін, қиындықтарды шешу жолдарын, уақтылы дер кезінде егінге су беріп, мол өнім өсіруге күш салуы тиіс. Мен өзім берген тапсырма айтқан уақтысында орындалуын қадағалаймын. Олардан коллектив ішінде кішіпейілдікті, сыпайлықты жұмысшыларға берген уәдесін орындауды, білмегенінді ұялмай білімді адамдардан сұрауды, арыз-шағымды мұқият тыңдауды, мүмкіншілік болса оны орындауды талап ететінмін.

Жұмысты табысты, абыройлы, белсенді атқару сүйіп қосылған жұбайына өте байланы-сты.

Мен 1997 жылы маусым айында зейнетке шығып, орнымды көп жыл бірге істеген Ж. Тукебаевқа бердім, кейінен инженер-механик И. Қазыкеев басшы болды, екінші орынбасарым болған Н. Құдайбергенов Шу-Талас бассейндік су инспекциясының басшысы, А. Дәуренбеков аға инспекторы болып, В. Кислинский «Кристал Тараз» ЖШС құрып, Тараз бен Шымкент қала-ларында музыкамен жұмыс істейтін су бұрқақтарды, шаруа қожалықтарына ұңғыма қазып су шығаруда, А. Сабденалиев облыстың әкімшілік аппаратында бес жыл қызмет атқарып, қазір Су ресурстары жөніндегі комитеті «Қазагромелиосушар» бастығы, Б. Нуралиев Таразда облводхозында бастығының орынбасары болып абыройлы қызмет атқаруда. Институтты бітіріп, өмір бақи біреуі облыстың сушаруашылығында қызмет атқарған, Қазақ Республикасының еңбек сіңірген гидротехниктері Зинаида Крылова, екінші «Джамбылводхозстрой» тресіндегі Надежда Беркозова, Оларды біздер «су шаруашылығының апалары» деп айтамыз. Сондықтан осы кітапқа енгізуді жөн көрдім.

Облыстың аудандарында мына төменгі азаматтарды атап кеткен дұрыс деп санаймын. Олар қазіргі кезде іскерлік танытып жүргендер: Байзақ ауданындағы сушы қызметкерлер: Б. Ибраимов және А. Ибрагимовтер; Жуалыда жиырма бес жыл қызмет атқарған Ж. Омарбеков, оның орнын басқан Н. Ергебеков қазір аудан әкімінің орынбасары; Жамбыл ауданында жиырма жылдан аса қызмет істеген О. Шералин, С.Ережепбаев және Б. Омаровтар әлі қызмет атқаруда; Қордайда В. Сергеев деген орыс азаматы он бес жыл басшы болып, үш мәрте облыстың масли-хатқа депутат болып сайланды. Меркі мен Т. Рысқұлов аудандарында Е. Батырбаев отыз жыл жұмыс істеп, денсаулығына байланысты зейнетке шықты; Мойынқұмда И. Каметов бірнеше жыл ауқымды қызмет етті; Талас ауданында С. Әмірбеков суды көлдетіп шабындыққа жаю, су-армалы жерден мол алу үшін жиырма жылдан аса еңбек етті; Сарысуда Д. Сағындықов мал шаруашылығын су мен қамтамасыз жолында тәп-тәуір жұмыс істеді; Шу ауданында С. Төлбаев, Т. Пазылбеков оннан астам жыл қызмет атқарып, Тасөткел алқабында суармалы игеруге ат-салысты. Су қоймасының бастығы Ә. Омаров шофер мамандығынан сырттай Шамалғанның техникумын, онан соң Тараздағы гидромелиоративтік институтын бітіріп, жиырма жылдан аса қызметте. Қазіргі кезде он жылдан аса Н.

Ибраимов ағаларының жолын қуып еңбек етуде, ол қазір облыстық маслихаттың депутаты. Бұл аталған жігіттердің барлығына зор денсаулық, от-бастарына амандық, жұмыстарында табыс тілейміз, елімізге адал қызмет істеп, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етеді деп кәміл сенемін.

Шу мен Талас өзендеріндегі Қырғыз мемлекетінің су алатын каналдарын күндіз - түні тексеріп жүрген инженерлер: Т. Сырықұлов, А. Сабденалиев, С. Құралбаев, Б. Ибрагимов еңбектерін ерекше атап өткім келеді. М.Қисықов Шусовхозводстрой тресінің орынбасары кезінде, бастығының нұсқауымен соғылып бітпеген үш үйді «бітті» деп, мемлекеттік актыға қол қойған. Сол үшін оны Шу аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде жауапқа тартпақшы болған. Содан ол менің кабинетіме келіп, сіз маған көмектесіңіз дегені. Мен Шу ауданының бірінші хатшысына Н. Торғаевқа телефон соғып, қазақта мынандай мақал бар: «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады», сіз партия тізімінен шығарып жіберіңіз, мен бұл жігітті облводхоздың аппаратына қызметке аламын, деп едім ол хатшы айтқанымды орындады. 1979 жылы күзде жаңадан құрылған Байзақ (Свердлов) ауданындағы сушаруашылық бөлімінің ба-стығы етіп тағайындадым, ол ұзақ жыл қажырлы еңбек етіп, зейнетке шықты. Бұрынғы Луговой ауданының су қызметкері Д. Құлмановпен де дәл осындай жағдай өтті. Ауданның сол кездегі бірінші хатшысы А. Исақовтың арқасында оны да аман алып қалдым. Өмірде кемшіліксіз жұмыс болмайды, екі ауданның басшысын босаттым, өйткені мекемеде тәртіп бәсеңдеп кеткен еді, ой-дағыдай жұмыс жүрмеуі содан болды.

СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ. ТОҒАН ҚАЗҒАҒА ТОҚТАУСЫЗ ҚҰРМЕТ БОЛСА

Асамбеков Д.А.

Қазақстан су шаруашылығы қауымдастығы

Жаратушы адам баласын жаратқанда бірқатар нәрселерге мұқтаж етіп жаратты. Ішіп-жеуге мұқтаж етті. Сол мұқтаждың бірі – су. Қай адамның болса да шөлге шыдауы қиын екені белгілі. Оны алыс шөлде келе жатқан жолаушылар да, Алла разылығы үшін отыз күн ораза ұстаушы мүмкін пенделер де жақсы сезінеді.

Мынадай тәмсіл бар ғой. Бір күнәсі көп келіншек иен далада шөлдеп келе жатса, алдынан терең құдық кездеседі. Қаталап шөлдеп, таңдайы кеуіп келе жатқан келіншек әлгі шыңырауға түсіп, тереңдегі суды мейірі қанғанша ішіп, өрмелеп сыртқа шығады. Сөйтсе, құдықтың көлеңкесінде тілі салақтап, әбден шөлдеген ит жатыр екен. Иттің шөлдегені сондай өлетін жағдайға жетіпті. Әйел мақұлықты аяп кетеді. Еш ойланбай, терең құдыққа қайта түсіп, қиындығына тәуекел етіп, аяғындағы бір кебісін шеше салып, сыртқа бір кебіс су алып шығып, итке береді. Мақұлықтың шөлі қанып, сергіп, жөніне кетеді. Ал Жаратушы итті шөлден құтқарғаны үшін әлгі келіншектің барлық күнәларын кешіріп, жаннаттық болуын нәсіп еткен екен. Міне, жарықтық судың қасиеті.

Ал енді өткенге көз салсақ, ерте кездегі ата-бабаларымыз жер, су үшін көп таласқан. Мәселен, 1860 жылдары Жамбыл ауданының біраз тұрғындары Аса өзенінің сағасына қоныс теуіп, егіншілікке ден қоя бастайды. Өздері бірігіп тоған қазып, судан тарықпаудың көздерін қарастырған. Сонда жұртты жұмылдырып, тоғанның қазылуына ұйытқы болып жүрген Смайыл деген кісі екен. 1964 жылдары қар қалың жауып, Аса өзені ернеуінен асып, ауылды басып қалу қауіпі төнгенде, Смайыл елді мекенді Қаратаудың сілемі Қызыл – Адырға көшіреді. Міне, осы жерде халық судан тапшылық көрген соң, Смайыл тұрғындарды жинап, Қызыл-Адырды бөктерлетіп, тоған қаздырады. Осы тоған жеті жыл бойы қазыалды. Кейіннен бұл жерді тұрғындар «Смайыл тоғаны» деп атауды ұйғарады. Ал осы Смайылдың 16 жасында Жүсіп деген кісіге ертіп барып күреске түсіп, Жуалы өңірінде өткен үлкен бір жиында Әулие-Ата оязынан келген атақты балуанды жығып кеткен батырлығы және бар. Қазіргі таңда сол «Смайыл тоғанынан» аққан су 3,5 мың суармалы жерді суаратын мүмкіндікке ие. Смайыл бар болғаны 42 жасында көз тиіп қайтып болғанда жұрт оны мынадай шумақпен :

Батырым отырушы ең көл көсір боп,

Бәлеге ұшырадың мол кесір боп.

Балаға – әке, қатынға – бай табылар,

Қалды ғой артындағы ел жесір боп, -деп жоқтаған екен. Мұны біз Сейітхан деген көнекөз қарияның аузынан жазып алдық.

Ертеде өмір сүрген Мәмбет Күнбасұлының өзінен 6 ұл болғанымен, бір баласы Бәйтерек болса, Бәйтеректің баласы Базарбайдан перзент болмаған екен. Базарбай



жасы ұлғайған шағында ағайындарын жинап алып: «Менде артта қалар ұрпақ болмады. Мен өз атымды қалдыру үшін тоған қазамын», -депті. Сосын ағайындары адам жинап, тоған қаздырған. Содан ел аузында: «Базарбай тоғаны» деген ат қалған. Сол тоғанның пайдасын байзақтық бірнеше ауыл тұрғындары осы күнге дейін көріп келеді. «Базарбай» -- Талас өзенінен бастау алып, Байзақ ауданындағы Түймекент, Сухамбай, Амангелді, Үшбұлақ елді мекендерін сумен қамтып тұрған 17 шақырым канал. Ол 7540 гектар жерді қамтиды. Оның қазылғанына қазіргі таңда 160 жылдан да асып отыр.

Сеңкібай деген кісі де батыр, датқа болған. Ол кісі туралы Сүйінбай, Майкөт, Жамбыл секілді ақын - жыраулардың еңбектерінен деректер кездестіруге болады. Ол Төле бидің жақын туысы, жорықтағы жолдасы болған. Сеңкібай 80 жасқа толған шағында тоған қаздырып кеткен. Ол тоған әлі күнге бар. Тіпті аталған тоғанмен су ішетін ауыл да бұл күнде Сеңкібай батыр атымен аталады. Сеңкібайдың тоғаны қазіргі таңда Байзақ ауданындағы Бурыл, Мырзатай, Жалғызтөбе ауылдық округтерінің аумағын сумен қамтиды.

Әйгілі Байзақ датқа қуаңшылық салдарынан маңайындағы жұрттың мал басы шығынға ұшыраған соң, маңдай терін төгіп, жерді суландыру ісімен айналысады. Сөйтіп, ұзындығы 600 шақырым болатын тоған қаздырады. Сыпатай батырдың асында Сүйінбай ақын Ұлы жүзден шыққан жақсыларды жырға қосқан толғауында:

Әбілез ұлы жүздің төресі еді,
Жүрген жері асқарлы белес еді.
Шымырда Байзақ батыр өткелі жоқ,
Тұңғық Қарасудың кемесі еді.
Жаныстан шыққан шешен, әзиз Төле,

Өңге жан үшеуіндей емес еді, - деп Байзақ есіміне ерекше тоқталады. Сүйінбайдың өз толғауында Байзақты Төле бимен теңестіре жырлауы тегін болмаса керек. Байзақ Мәмбетұлы әрбір каналды қазып біткен соң, оның қолайлы тұсынан су диірмен, мешіт-медресе салғызып, сол төңірекке тұрмысқа лайықты қыстаулар тұрғызуды да ойластырған. Байзақ қаздырған каналдар 1930 жылдары коммунистік шаруаларды күштеп ұжымдастыру науқанынан кейін де қайта реконструкцияланбай, тек Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін ғана біраз жөндеуден өтіп, әлі күнге пайдаланылып келеді. Осы каналдар бойымен Байзақ, Жамбыл, Т.Рысқұлов, Жуалы аудандарының диқандары арпа бидай, жүгері, қант қызылшасын, картоп,көкөніс, жоңышқа егіп, бабаның тоғаны әлі кәдеге жарап тұр.

Байзақ ауданы аумағында ерте замандардан келе жатқан каналдардың бірі – Сәмбет тоғаны. Ол тоғанмен бұл күнде А.Суханбаев атындағы ауылдық округтің суармалы жерін ылғалданады. Малы мен басы өскен елін тойдыруды ойлап, Талас өзенінің шығыс жағынан тоған қаздырғанда Сәмбет бабамыз ертеңді болжайтын көрегендік танытқан ғой. Ол заманда ел әлі отырықшы болмай, көшіп қонып жүрген. Көктем туа өзен бойына елдің қайсысы бұрын жетсе, сол ру жаздай жайлап шығатын болған. Осыны ескерген Сәмбет баба жігіттер тоған қазуға кіріскен кезде боз биені құрбандыққа шалып, оның басын жерге көмдірген.

Келесі жылы малға жайлы құмның жылы қойнауында қыстап, көктем туа сол жерге үлкен көш болып жетсе, ертерек жеткен рудың жігіттері тоғанды ұзартып қазып жатқандарының үстінен түспей ме? Дала заңы бойынша екі елдің басшылары биге жүгінеді. Сонда көмілген боз биенің басы даулы тоғанды алғаш қазғандардың пайдасына шешіп береді. Әділетті Сәмбет баба тоғанды кейін ұзартқандарға еңбектері үшін 410 тоқты – бір қора қойдың төлін төлеген екен.

Арнасы кеңейтіліп бір қауым елдің қажетіне жараған тоғанды кейіннен баласы Қосы батыр Сәмбетұлы, одан туған ұрпағы Берсүгір ұзартып, Мойынқұмның жиек құмына дейін жеткізген. Сәмбет тоғаны арнасының ағыны еш кемімей, алқаптарға нәр сыйлап жатыр. Ел аузында: Сәмбет тоған басында – Сәмбет елі,

Жер емуге арналған әмбе тері,-деген жыр жолдары сақталған.Тоған бойын жайлаған осынау ауылдардан өткен ғасырда қант қызылшасын өсіруде рекордтық көрсеткішке жеткен үш бірдей Социалистік Еңбек Ерлері де шыққан.

Шу, Мойынқұм өңірінде қыруар каналдардың қазылуына басшылық еткен Қоңдыбай мұрап та осы Қосы батырдың ұрпағы болып келеді. Енді бір ұрпағы көп өмірін Сәмбет тоғанын жағалаумен өткізген Толқынбай мұрап. Тоғанның қазіргі Жақаш ауылы тұсындағы бір тармағын көнекөздер «Толқынбайдың арығы» деп те атайды.

Байзақтың үлкен ұлы Төрегелді қаздырған Төрегелді каналы Тараз қаласындағы «Қант зауыты» ауылының тұрғындарын, Жамбыл ауданындағы Ақбұлым (бұрынғы «Ильич»), Байзақ ауданындағы бірнеше елді мекендердің егіс алқаптарын ағын сумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңдағы ұзындығы 15 шақырымды құрап отыр.

Байзақтың үлкен ағасы Жүндібайдың баласы Әйтімбет қаздырған Әйтімбет каналының ұзындығы 12 шақырымды құрайды. Байзақ ауданындағы бұрынғы Свердлов атындағы ұжымшардың және Үшбұлақ кеңшарының егі алқаптарына су апарды. Әйтімбеттің інісі Медеу қаздырған Медеу каналы 50 шақырымға жетеді. Бұрынғы «Үлгілі», «Дихан» ұжымшарларының алқабын суландырып келеді.

Мәмбеттің інісі Сарттың немересі Жұмабай да мұндай сауапты істен тыс қалмаған екен. Ол қаздырған «Жұмабай» каналынан қазіргі Бұрыл, Көктал ауылдары және құс фабрикасы су алады. Жер көлемі 450 гектардай.

Темірбек каналын Байзақтың Шахан –Сырлыдан тарайтын жақын туысы Темірбек қаздырыпты. Ұзындығы 40 шақырым канал бұрынғы Чапаев –Шахан атындағы кеңшарлардың, Жамбыл жүн фабрикасы қосалқы шаруашылығының 1200 гектар алқаптарын сумен қамтамсыз етіп отыр. Байзақ ауданындағы Ынтымақ ауылдық округіне тіршілік нәрін беріп қтырған Белқожа каналын кезінде Белқожа болыс қаздырған екен.

Міне ірі –ірі тоғандардың осындай толымды тарихы бар. Күнту, Сатыбалды, Жүсіп, Әлікұл, Райыс, Ақмолда, Ахмет, Қабылбек, Мүсіпбек, Өтеп каналдарының да осындай тағылымы бар.

Тағы бір ескере кететін мәселе бар. Шалғай кеңшарларда жүрсе де, ұйымдастырушылығы жоғары азаматтар болады. Солардың бірі 1960 жылдары шаруашылықтың үздік басқарушыларының бірі болған – Абибулла Көшенов. Шу ауданында Шу өзені мен Қорағаты өзенінің түйіскен жері бар. Одан әрі қарай екеуі бірігіп, бір өзен болып кетеді. Соны жұрт «Құйған» жеп те атайды. Сол жерде 1963 жылы жаңағы Әбибулла Көшенов жаңадан кеңшар ұйымдастырып, өзі директоры болды. Ол өзі «Халық жауы» деген жаламен ұсталып, 1932 жылдары Карлаг лагерінде азап көріп, кейін Қарағанды жақтағы бір колония - поселениеде жазасын өтеп келген кісі болатын. Ол жағдай – заманның зәуі ғой. Ел ішіндегі бір адам: «Ол – байдың тұқымы, Жұман болыстың немере інісі, Халық жауы» деп арыз жазып, ұстатып жіберген. Ал шындығында Абибулла Алматыда Ораз Жандосовтың тапсырмасымен елге зәбір көрсетушілермен күрес комитетінде жұмыс істеген. Сол жылдары халыққа істеген еңбегі, сауаттылығы ел аузында жиі айтылып, үлкен беделге ие болған кісі. Сол кісі Шу жерінде де кеңшар жұмысын керемет үйлестірді. Қорағатыны жырып, тоғыз шақырым болатын «Көкөзек» каналын қаздырды. Жаңадан құрылған шаруашылықты 50 мың қойы, 700 гектар суармалы жері бар үлкен кеңшарға айналдырды. Мен орта мектепті бітірген соң бір жыл сол кісінің кеңшарында механизатор болып еңбек еттім. Ал кеңшар директоры Ә.Көшенов бір жылдан соң маған кеңшардың атынан оқуға жолдама берді. Міне, осындай азаматтың да есімін ұмытып барамыз. Жаңағы «Көкөзек» каналы әлі бар. Қазіргі ұрпақтар қызығын көріп отыр. Сол каналға Абибулла Құлжановтың есімі берілсе, әруағының алдында бір парызымыз, қарызымыз өтелгендей болар еді.

Қазіргі таңда бұрынғы кеңшар мен ұжымшарлардың әр қайсысы 90-100 шаруа қожалыққа бөлініп кетті. Бұл дегеніңіз бір кеңшар – жүз кеңшар болып кетті деген сөз. Сол кеңшарларды суландыру үшін де кезінде канал, тоғандар пайдаланылды. Сол жерге 40-50 мың теңге айлықпен мамандар жұмыс істеді. Өмір бойы сушы болып, канал жағалап жүріп зейнетке шыққан кісілер бар. Міне, сондай адамдарға тоғанның аты берілсе, сол жерге белгі қойылып, ол адамдардың туған жылы – бақилық болған жылдары жазылса, нұр үстіне нұр болар еді. Кеңес Одағы тараған соң, кеңшарлар

да тарап кетіп, бірақ, су жағына қатысты Заң сол өзгеріссіз күйінде қалды. Бәрі Министрліктен шешілуі керек деп түсінеді. Мыңдаған ауылдар бір тоғанға ат қою үшін Министрді шешімін қанша жыл күтуі тиіс. Осы жерде бір ұсыныс айтқым келеді. Әр ауылдық округтің әкімі арнайы қоғамдық кеңестің шешімімен ауылдағы тоған мен бұлақтарға су саласына еңбегі сіңген кісілердің есімін беретіндей құқыққа ие болса. Бұл – барлық жағынан тиімді болар еді деп ойлаймын.

Қазір су мамандықтарына жас түлектер бармайды. Су мамандықтарын ешкім оқығысы келмейді. Неге? Себебі, су мамандарының айлығы өте аз. Су мамандарының қадірін білмейміз, еңбегін бағаламай жүрміз. Ал кезінде ата –бабаларымыз қалай шешкен. Ол кезде сушыны жоғары бағалаған. Болыстыққа, басқа да қызметтерге ең алдымен сушы, мұрап болып істеген кісілерді көтерген. Себебі, сушылар көпшілікпен жұмыс істейді, көпшіліктің жағдайын түсінеді деп шешкен.

Бабаларымыз жер жағдайын, су жағдайын жақсы білген. Бір топ кісі жолаушылап келе жатқанда, шөлге шалдықса, жасы үлкені : «Ши өскен жерді қазыңдар, жақын жерден су шығады» дейді екен. Жас жігіттер топталып ши өскен жерді қазса, екі-үш метр жерден су шығып отырған. Міне, оқымаған бабаларымыздың даналығы. Бірақ, олар дала университетінен тәлім алған «академиктер» еді ғой.

Ал Араб елдерінде сушыны түрмеге ешқашан отырғызбайды екен. Қанша жазалы болса да, «Бұл кісі кезінде сауапты жұмыс істеген» деп сушыға барынша жеңілдік жасайтын көрінеді. Себебі, ол елде су қат. Су саласында жұмыс істегендерді сауапты іс істеушілер деп есептейді. Біз де суға өте тапшы елдердің қатарына жатамыз. Су саласын автоматтандыратын мезгіл баяғыда жеткен. Шет елдерде бір ғана автоматтандырылған кешенде отырып, 500 шақырымдағы каналды бақылай алады. Ал біз де өкінішке қарай 5 шақырым жердегі тоғанды бақылауға мүмкіндігіміз жоқ. Бұл өте жылдам қолға алынуы тиіс мәселе.

Осы тұста кезінде маған жақсы мінездеме жазып қолдаған, Шу аудандық партия комитетінің сол кездегі хатшысы Әнуарбек Жүнісәлиевке алғысым шексіз. Су саласының білгір маманы Нұрдәулет Әлібековке де алғысым шексіз. Су саласының арадагерлері Юрия Красноглазов, Сәрсен Мәліков, Николай Тункин, Азира Нұртаева, Ұлбосын Бәзілова, Василия Журавлев, Күлханым Айжолова, Қадірбек Рыскелдиевтерді құрметтеп, нағыз еңбектің батырлары деп еспетеймін. Жақсылардың шапағатын көп көрдім. Менен тәлім алған азаматтарға да судың қадірін көп түсіндірдім. Қазіргі таңда Болат деген балам да су саласында еңбек етіп жүр. Су саласын таңдадым. Осы салаға әлім келгенше еңбек еттім. Оған ешқашан өкінбеймін. Суға қатысты адамдарды қай кезде де құрметтеуге әзірмін.

Алдағы уақытта әр аудан, әр ауылдың азаматтары осылай тоған қаздырған, құдық қаздырған азаматтарды іздестіріп, бағалап жүрсе, оларға құрметпен қараса деген тілегім бар. Себебі, қандай жетістіктердің барлығы да суға байланысты болады. Суы мол жерде барлық береке, өркендеулер, жетістіктер жүзеге асады.

СУДЫҢ СЫЛДЫРЫМЕН СЫРЛАСҚАН НҮРДӘУЛЕТ

Адам баласының саналы ғұмыры қоғамға сіңірген еңбегімен, кейінгіге қалдырған өсиет-ұлағатымен өлшенсе керек. Тәрбие мен тәлімнің биігінен көріне білгендер бақытты. Бірақ, мұндай бақыт екіншісі біріне, егіздің сыңарына бұйыра бермейді. Себебі, ғұмыр бойы адамдық, адалдық болмысыңнан айнымау, ізгілік қалпыңды бұзбау оңай шаруа емес. Еліміздің су шаруашылығы саласының үздігі, облыстың және Қордай ауданының Құрметті азаматы, марқұм Нұрдәулет Әлібеков жайлы толғанғанда менің көңіліме жоғарыдағыдай ойлар келді.

Нұрдәулет Әлібекұлы Қордай ауданының Сұлтөр ауылында 1936 жылы дүниеге келген. Алайда 1 сыныпта отбасының қоныс аударуына байланысты Отар стансасындағы орта мектептің табалдырығын аттайды. Әкесі Әлібек қарапайым етікші шебер екен. Сол кезде Отар даласына су бармай қаңырап жатады. Бұл мектеп қабырғасында оқып жүрген Нұрдәулеттің де қабырғасына батқан екен. Сөйтіп ол өскен кезде осы Отар даласын суландырсам, жасыл мекенге айналдырсам деп армандапты. Осы арман Нұрдәулет Әлібекұлын су шаруашылығы саласының маманы болуға жетелейді. Сөйтіп, мектеп бітірген соң, Алматы ауыл шаруашылығы институтына

су шаруашылығы мамандығы бойынша оқуға түсіп, студенттік шақтарын жақсы достарымен, білімді азаматтармен бірге өткізеді.

Еңбек жолын Қазақ КСР су шаруашылығы министрлігінің комитеттерінде инженер, аға инженер болып бастайды. Кейіннен Шу өзені бассейні суармалау жүйесінің ауданаралық басқармасының бастығы қызметіне ауысады. 7 жыл бойы Қордай аудандық ауылшаруашылығы басқармасын басқарғанда бала күнгі тілегі, арманы жүзеге асқандай болады. Ол кезде Қордай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы – Берден Байқошқаров. Бекенмен тізе қосып еңбек еткен Нұрдәулет Әлібеков Қордай ауданының ауылшаруашылығын едәуір көтереді. Отарға су жеткізіп, басқа шаруашылықтарды да назарынан тыс қалдырмайды. Кейіннен жиырма жыл бойы облыстық су ресурстары комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Облыстық ат спорты федерациясының президенті болды. Бірнеше рет көкпар ойындарын ұйымдастырды. Осы қызметтен зейнетке шығады. Кейіннен облыстың және Қордай ауданының Құрметті азаматы атанды. Нұрдәулет Әлібекұлының еселі еңбегі әр жылдары облыс әкімінің және су ресурстық комитетінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен аталып өтті.

Өмірлік серігі Күләш Өмірзақова Тараздың бірнеше мектебінде ұстаз болып, жас ұрпақты тәрбиеледі. Нүрекеннің ұлдары Қанат пен Нұрдос бұл күнде шаруа қожалығын ашып, жаңа кезең талабына сай жұмыстарын дөңгелетіп отыр. Үлкен қыздары Гүлнар Мәскеу қаласында стоматолог дәрігер, Вилнарасы – ТарМУ де аға оқытушы. Дилнарасы Алматыда кәсіпкер. Нұрдәулет ата 5 ұл-қыздан 14 немере, бірнеше шөбере сүйіп отыр. Бір немересі Бектас Әлібеков – футболшы. Жастар арасында республика көлемінде біраз жетістіктерге жетіп отыр.

Осы тұста жамбылдық журналист Есет Досалының мақаласынан, Нұрдәулет Әлібекұлына деген құрметінен үзінді келтіре кетсем, артық болмас. Ол: «Су – тіршілік нәрі» - дейміз ғой, бірақ, Нұрдәулет ақсақалмен таныстығым мүлдем бөлек жағдайда, басқаша басталған еді. Ол кезде «Арай» жастар газетінде қызмет атқарамын. Қыстың аязды, боранды күндері мен жаздың көлеңкені де күйдіретін аптабында бізге ауа райын болжаушылар қажет болатын. Әуелі жуалылық Шырынбек Әбдешұлы деген қарияға хабарласып жүруші едік. Кейіннен неге ол кісі редакциямен сирек байланысатын болды. Есесіне тараздық Нұрдәулет Әлібековтың болжамы газеттің бірінші бетінен «жарқ» ете қалған. Сол – сол екен Бас редакторымыз Гүлнұр Бақытқызы «Көкеңмен хабарласып тұрасың»- деп мені ауа райынан ақпар алу жағына бекітіп қойды. Содан қоңыр телефонда тыным жоқ. «Бұл Нұрдәулет ағайдың үйі ме екен?» - деймін де отырамын. Арғы жақтан көкеміздің өзі телефон көтереді. Ауа райын нақты дәлелдермен болжап, кәдімгідей көзімді ашып, иландырып тастайды. Қарсы уәж айта алмайсың. Ол шақта қыстың ортасында күн жылып кетіп, қолайсыз ауа райы орын алған. Ақпанда сіркіреп жаңбыр жауатын. «Мұның бәрі мың жылдар бойы сақталып келген теңдіктің бұзылуынан. Қазір аздап Мұзды мұхит еріп жатыр. Ғарышқа ұшып, аспан қабаттарына кері әсер беріп жатырмыз. Ғылым жағынан пайдалы болғанмен, ауар райына қолайсыздығы бар оның. Көліктің шектен тыс көбеюі, одан бөлінетін түтіндер ауа райына жағымсыз әсер береді. Әлемдік циклонның бұзылуы бізге де ықпал етуде» - дейтін ауа райын болжағыш Нұрдәулет көкем. Бір жолы өзінің болжамдары шыққан газетті үйіне әкеліп беруімді өтіңді. «Жақсы адамды көрмекке» деп ардагердің үйіне құстай ұштым.

Нүрекен көкем көңілді екен. Парасатты адамдарға тән ықыласымен қарсы алды. Әңгімеге тартып, жібергісі келмеді. Біраз сөйлесіп, сырласып, еркін пікірлестік. Бір бірімізді бұрыннан көріп жүрген таныс адамдардай-ақ. Көкем ауа райын ғана зерттемейді екен. Республикалық, облыстық газеттерге ұлттық ойындар жайлы, көкпар жайлы көлемді мақалалар жазып тұратынын айтты. Ол мақалаларды қиып алып, сақтап қоятыны да оның ұқыптылығын көрсетті. Әңгімелері терең, мағыналы. «Сендер, журналистер, мұны білулерің керек» деп қояды арасында. Жан - жақты болу қажеттігін бір ауыз сөзбен ұқтырған ақсақалды құрметтей түскенбіз.

Одан кейін де Әлібеков көкемнің құтты шаңырағында бірнеше мәрте болып, Күләш апамыздың қолынан талай дәм таттық. Нұрдәулет ата бір жолы менің айтысқа түсіп

жүргенімді (айтыскер екенімді) біліп алыпты. Телефон шалып үйіне шақырып алды. «Ой, сен айтысып та жүр екенсің ғой» -деді риза кейіп танытып. «Иә аздап, ондай өнерім бар» -дей бердім. Мұндай да басқа не деуге болады. Әдеттегідей үйінің залына өттік. Нүрекең көңілденіп әңгімеге кірісті.

Айтыс аламанына түсіп жүргенің жақсы екен. Айтыскерлер терең жырлау керек. Қазақтың үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтеке . Жыр алыбы –Жамбыл. Жамбылдың осы өлкеде туылғаны бекер емес. Әулиеата – құт қонған жер. Елінің көңілі даналыққа, жері қазынаға толы. Соның бәрін көркемдеп, кестелеп жырлай білу қажет. Сонда саған айтыскер шақ келмейді, -дегн еді сол жолы да ағынан жарылған Әлібеков көкем. Сол жолы қайтып бара жатып «Жақының емес, туысың емес. Әшейін сәлемі түзу адамға мұнша жанашырлық танытатын осындай адал көңілді ақсақалдар азайып бара жатыр-ау» деп ойланғанмын.

Осыдан үш жыл бұрын маусым айында қадірлі ақсақал Нұрдәулет Әлібеков 81 жасында өмірден озды. Айтары көп, тағылымы мол ақсақал әлі де арамызда жүре тұрғанда болар еді. Алайда, жазмышқа не шара. Жатқан жері жайлы болсын жан көкем дегеннен басқа қолдан келері жоқ. Нұрдәулет ата тағылымы жалғасады. Шүкір!», -деп жазған екен жергілікті газеттерге.

Мұныңөзінен белгілі маман, облыстың Құрметті азаматы Нұрдәулет Әлібекұлының жергілікті журналистке деген жанашырлығын, өнерге деген құрметін байқауымызға болады. Ал су ғылымы Нұрдәулет өмірінің бір бөлшегі еді.

Ал биыл Қордай ауданының орталығынан өтетін магистралды Георгиевский каналына су шаруашылығының белді қызметкері болған, Жамбыл облысының Құрметті азаматы Нұрдәулет Әлібековтың есімі берілді. Осыған орай республикалық «Водная хозяйство Казахстана» ғылыми – ақпараттық журналының бас редакторы Нұрлан Атшабаров қуанышын білдіріп, журналға үлкен мақала бергізіп, жанашырлық танытты. Ал Нүрекеңнің баласы Қанат Нұрдәулетов магистралды Георгиевский каналының басына мал сойып, дүйім жұртты шақыртып, құран оқытты. Әкеге құрмет міне осылай болса керек. Әкесін осылай құрметтеген Қанатқа, оның ұрпақтарына Алла разы болсын демекпіз!

Енді Нұрдәулет Әлібеков атындағы магистралды каналы Қордай халқына ұзақ жыл қызмет ете беретін болады. Мұның өзі Әлібековтың өлшеусіз еңбегіне деген жоғары құрмет деп бағалаймыз.

СУДЫҢ ҚАДІРІН НЕГЕ БІЛМЕЙМІЗ?

Біздер әшейін бергі жағымызбен «су, су» дегенімізбен, судың қадірін әлі толық білген жоқпыз. Суға қатысты мақалдарымызда да жөнсіздік көп. Мәселен, «Судың да сұрауы бар» дейміз. Бұл – төмендетіп айтылған сөз. Әшейін, кесенің де, көйлектің де, түйменің де, күйменің де сұрауы бар деген секілді жеңіл ұғым. Сосын «Қонақта досың су берсе де, іш» -дейді. Бұл жерде де «су берсе де» деп, суды төмендетіп тұр. Ал әйтпесе, тамшы судың құны алтыннан да қымбат емес пе? Судан асқан байлық жоқ. Олай болса су туралы мақалдарымыз да мәйекті, құрметті болуы керек қой. Бабаларымыз «Сулы жер – нулы жер», «Су – тіршілік көзі» деп бекер айтпаған болар. Аталарымыз: «Жер – анасы су», «Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен су артық», «Су анасы – бұлақ, шөлге құдық қазған – сауап», «Жерді су біріктіреді, елді қыз біріктіреді», «Батаемн ел, жауынмен жер көгереді», «Көп жиылса – көл», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Сулы жер – нулы жер», «Ағын судың арамы жоқ», «Өзен жағалағанның өзегі талмас», «Ерменді жерде ер өлмейді, жаңбырлы жерде жан өлмейді», «Сусыз өмір жоқ», «Адам көңілі тасыса – көлдей, басылса – шөлдей», «байлық су сияқты ішкен сайын шөлдей бересің», «Жер алмақ болсаң, суын қарастыр», «Су ағысы тартылса, жас жапырақ құрайды», «Су – дүниенің басы», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Сөз атасы – құлақ, су атасы – бұлақ», «Күн жауады деп суыңды тауыспа, ел көшеді деп отыныңды тауыспа» деген керемет мақалдарды суға қатысты айтып, тіршілік нәрі екенін анық түсінген.

Су – өте қажетті құндылық. Адам денесінің негізгі бөлігі судан тұрады. Адамның аштыққа бірнеше күн шыдаса да, шөлге шыдауы қиын. Дүниежүзінің де көпшілік бөлігі судан тұрады. Өміріміздің барлық бөлігіне судың қажет болатыны белгілі.

Түйіндеп айтқанда, сусыз өмір жоқ. Сөйте тұра суды қадірлемейміз. Неге олай? Бардың бағасын білмегеннен болар. Жоғары да есімдері айтылған бабалардай, кетпенмен тоған қазбағаннант болар. Дайынға тап болғанымыздан болар.

Су – өте құнды дүние. Бірақ, су өнім өндірмейді. Бұл жердегі қиындық осында. Бірақ, ауыл шаруашылығында өндірілген барлық өнім су арқылы пайда болады. Алайда, судың көмегімен өнімін шығарып алған шаруашылықтар артынша суды ұмытып кетеді. Сөйтіп, олар: «Пәлен гектар жерден пәлен тонна бидай, жүгері алдым», «Пәлен гектарға еккен қант қызылшамның әр гектарынан пәлен тонна өнім алдым» деп мақтанады. «Судың арқасында, суару арқылы алдым» деп ешкім айтпайды.

Сондықтан, кейінгі буынға судың қажеттілігін, тиімділігін, құндылығын түсіндіргім келеді. Су саласы өзінде құрылым болып (агенттік болса да), оның облыстық, аудандық құрылымдары айқындалса, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, ешқашан сусыз өмір жоқ.

УШЕЛ ИЗ ЖИЗНИ ВЕТЕРАН ВОДНОГО ХОЗЯЙСТВА ВИКТОР МОРОЗОВ



Скончался Виктор Степанович Морозов, ветеран водного хозяйства и строительства, который внес значительный вклад в развитие орошаемого земледелия, являющегося основой сельского хозяйства Кызылординской области.

Это был профессионал высочайшей пробы и в то же время открытый, добрый человек, начисто лишенный высокомерия и снобизма, присущих многим современным руководителям. Уроженец Украины, он, окончив Мелитопольский сельскохозяйственный институт, приехал в низовья Сырдарьи, где начиналось масштабное мелиоративное строительство с введением в эксплуатацию орошаемых массивов. Работал участковым, главным механиком, затем стал главным инженером ПМК, позже, в 1971-м, возглавил Казалинскую ПМК-16, а вскоре был назначен управляющим трестом «Казалинскводстрой». В середине 1980-х ему доверили руководить трестом «Кызылордаводстрой», крупнейшей строительной организацией региона, в состав которой входило множество подразделений, работавших по всей области и занимавшихся строительством водохозяйственных, социально-культурных объектов, жилых домов. В 1989-м трест был укрупнен и получил статус производственного строительно-эксплуатационного объединения «Кызылордамелиорация». Помимо мелиоративных объектов, было начато строительство групповых водопроводов

В трудные годы первых лет независимости, когда многие строительные организации и предприятия прекратили свое существование, Виктор Степанович сумел сохранить часть вверенного ему хозяйства и создал на ее основе ОАО «Арна». Это акционерное общество занималось возведением Кокаральской плотины, благодаря чему началось восстановление Малого Арала, активно участвовало в реализации других водохозяйственных проектов, в том числе по линии Всемирного банка.

Именно Виктор Степанович в 2001 году первым обнаружил на дне высохшего Арала развалины средневекового городища, что имело важное значение с точки зрения и археологической науки, и изучения того, как менялась в прежние века акватория этого моря-озера. Вообще, Приаралье стало для него по-настоящему второй родиной, и здесь он прожил вплоть до последних мгновений своей интересной и насыщенной жизни. Оставив после себя и многочисленные объекты, построенные при его непосредственном участии, и самую добрую память о себе. Виктор Степанович награжден орденом «Құрмет», нагрудным знаком за спасение «Арала» и другими медалями. Неоднократно избирался депутатом областного Совета народных депутатов

Коллеги, друзья, соратники, ученики

